



ҒЫЛЫМ



БОЛАШАҚ – ӨНЕРТАПҚЫШТАР ҚОЛЫНДА

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



СҮМБІЛЕ АЙЫ ТУҒАНДА...

24

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 27 шілдедегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 210 492

II компонентпен

1 185 763

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 27 шілдедегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **10 779 171** адам,
II компонентпен **10 509 200** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
4 987 487

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.07.2022

Түнде:



+18+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

29.07.2022

Түнде:



+18+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+33 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №86 (6221) 28 шілде, бейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

ЕКІЖАҚТЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Грузияның Премьер-Министрімен кездесті



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Грузияның Премьер-Министрі Ираклий Гарибашвилиді қабылдады. Мемлекет басшысы Ираклий Гарибашвилиге ілтипат білдіре отырып, екіжақты ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын, сондай-ақ бірлескен күш-жігерді жұмылдырудың маңызды екенін атап өтті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

2

БРИФИНГ

ЖОЛ САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

2025 жылға қарай Алматы жолдарының
95%-ы жақсарады



Алып шаһар Алматының жол инфрақұрылымын дамыту өте маңызды. Сондықтан қала жолдарын барынша сапалы әрі дер кезінде жөндеу – кезек күттірмейтін міндет.

2

ҚЫСҚА...

- «Қазақстан халқына» қоры білім беру гранттары бағдарламасына қатысатын ЖОО тізімін жариялады.
- Қазақстанның бірқатар облыстарында ҰҚК мен Шекара қызметі басқарма басшылары тағайындалды.
- Мегаполисте 29, 30, 31 шілдеде «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауы өтеді.
- Павлодар мұнай-химия зауытындағы жөндеу жұмыстары уақытынан бұрын аяқталды.
- Қазақстанның жеті облысында жаңа прокурорлар тағайындалды.
- Қыркүйекте университет оқытушыларының жалақысы тағы да көтеріледі.
- Елімізде жасөспірімдердің самокатпен жүруіне тыйым салынады.

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ЕКІЖАҚТЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Грузияның Премьер-Министрімен кездесті



(Басы 1-бетте)

– Сіздің сапарыңыз табысты болады деп үміттенемін. Сапарыңыздың бағдарламасы өте тығыз екенін, Қазақстан мен Грузия арасындағы ынтымақтастықты

дамытуға тың серпін беретін бір-қатар кездесу жоспарланғанын білемін. Бізді достық және көпжақты ынтымақтастықтың берік арқауы байланыстыратынын айтқым келеді. Біздің міндетіміз – осы достық қарым-қатынастарды

жалғастыру және одан әрі дамыту, – деді Президент.

Кездесу барысында Қазақстан мен Грузия арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәсе-

лелері талқыланды. Сонымен қатар, олар көлік-логистикалық іс-қимылдарға да ерекше назар аударды. Көршілес Қытайға тікелей шығатын мүмкіндігі бар болғандықтан, Қазақстан өз нарығын Орталық Азияға ашыла-

тын қақпа ретінде қарастыруды ұсынады. Мемлекеттер аймақ елдері арасындағы байланыстарды нығайту үшін зор маңызы бар Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша серіктес саналады.

Ираклий Гарибашвили кездесуге мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, өз елінің ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін тағы да нақтылады.

– Біздің достық және көпжақты ынтымақтастығымыз жақсы дамып келеді. Мен маңызды мәселемен келдім. Екіжақты қатынастарды дамытуға, барлық сала бойынша байланыстарды кеңейтуге мүдделіміз. Елдеріміз арасындағы тауар айналымы ұлғайып келеді. Бірінші жартыжылдықта бұл бағыттағы көрсеткіш 150 пайызға өсті. Әрине, байланыстарды кеңейту үшін әлеуетіміз мол. Біз өзара қарым-қатынастарды, ынтымақтастықты және достықты бағалаймыз, – деді Грузия Премьер-Министрі.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грузия Президенті Саломе Зурабишвилиге сәлемін жолдады.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

● БРИФИНГ

ЖОЛ САПАСЫ БАҚЫЛАУДА 2025 жылға қарай Алматы жолдарының 95%-ы жақсарады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында мегаполистің жол инфрақұрылымын дамыту туралы брифинг өтті. Онда Алматы қаласы әкімдігінің Қалалық мобильділік басқармасы басшысының орынбасары Ернұр Абжахан 2025 жылға қарай Алматы жолдарының 95%-ы жақсартылатынын мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, бүгінде Алматы қаласының көше-жол желісінің ұзындығы 3096 шақырымды құрайды. Бірақ оның 234 шақырымы асфальтталмаған.

«Біз 2025 жылға қарай қаладағы жақсы жолдардың үлесін 95%-ға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Ол үшін 234 шақырым жаңа жол саламыз, жыл сайын кемінде 200 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізуді жоспарлап отырмыз», – дейді басқарма өкілі.

Брифинг барысында Ернұр Сағатханұлы жолдардың құрылысы жөнінде айта келіп, Бұқтырма көшесі – Құлжа трактісі, Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесі және Саин көшесі – Мөңке би көшесі үш жолайығының құрылысы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы да баяндады.

Бүгінде Бұқтырма – Құлжа трактісі көшелерінің қиылысындағы жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Жер учаскелерін сатып алу аяқталды. Қаражат толық көлемде бөлінді.

«1 қыркүйекке дейін эстакада мен пандустарды салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтап, сол арқылы барлық бағыттар бойынша көліктердің жүруін қамтамасыз ету жоспарлануда. Абаттандыруды ескере отырып, толық аяқтау 2022 жылдың соңына дейін жоспарланып отыр», – деді әкімдіктің ҚМБ өкілі.



Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысындағы жұмыстар да сатып алынған учаскелерде жүргізілуде. Жұмыстарды толық аяқтау 2023 жылға жоспарланған.

Саин – Мөңке би көшелеріндегі жолайығының құрылысы бойынша дайындық жұмыстары басталды. ЖСҚ түзетілуде. Биыл коммуникацияларды қайта құру және айналма жолдарды салу бойынша жұмыстар жоспарлануда, ал жұмыстарды толық аяқтау келесі жылдың соңына жоспарланған.

ҚАЛА КӨШЕЛЕРІ ҚАЛАЙ ҰЗАРТЫЛАДЫ?

Брифингте Қалалық мобильділік басқармасы басшысының орынбасары Ернұр Абжахан мегаполис көшелерін ұзарту жұмыстары туралы айтып берді.

Естеріңізде болса, ағымдағы жылдың мамыр айында Әуезов көшесінің Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі ұзындығы 0,4 шақырымды құрайтын бөлігі пайдалануға берілген болатын. Осы аралықта ұзындығы 6,2 шақырымды құ-

райтын екі көшені (Абай даңғылы, Саин көшесі) ұзарту жұмыстары жалғасуда, Төле би көшесінің ұзындығы 4,5 шақырымдық екі учаскесін ұзарту жұмыстары да басталып кетті.

«Абай даңғылының ұзартылған бөлігіндегі аспалы жаяу жүргіншілер өткелдерін абаттандыру жұмыстарын тамыз айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз», – дейді басқарма өкілі.

Сондай-ақ, ол Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейінгі Саин көшесі 3,2 шақырымға дейін ұзартылады. Құрылыс-монтаж жұмыстары 40 пайызға орындалды. Жұмысты толық аяқтау 2023 жылға жоспарланған.

Спикердің айтуынша, Төле би көшесінің Яссауи көшесінен қала шекарасына дейін батыс бағыттағы ұзындығы 4,5 шақырымға ұзартылмақ. Жол құрылысына дайындық жұмыстары мен материалдарды сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жылы Алатау даңғылынан «Алма Сити» ТК-ге дейін жол жұмыстарын орындау және инженерлік желілерді қайта құру жоспарлануда. Толық аяқтау,

жер учаскелерін сатып алу шамамен 2023-2024 жылдарға жоспарланып отыр.

БЕС ШАҒЫНАУДАНЫҢ ЖОЛДАРЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте қаладағы жолдар мен инженерлік желілер салынатын шағынаудандардың тізімі белгілі болды. Алматы қаласы әкімдігінің Қалалық мобильділік басқармасы басшысының орынбасары Ернұр Абжахан айтуынша, қазіргі таңда «Алғабас», «Әлмерек», «Қайрат» шағынаудандарында жұмыстар жалғасып жатыр және «Ақжар» шағынауданында жол құрылысы басталды, онда 48 шақырымға жуық жаңа жол салу жоспарлануда.

Ол «Қайрат» және «Әлмерек» шағынаудандарында жұмыстардың Энергетика және сумен жабдықтау басқармасымен келісе отырып, инженерлік желілердің құрылысының аяқталуына қарай жүргізіліп жатқанын айтты.

«Алғабас» шағынауданында 2021 жылы 11 шақырым жол салынса, биылғы жылдың соңына дейін тағы 9 шақырым жол салу жоспарлануда», – деді спикер.

«Ақжар» шағынауданында жұмыстар биылғы жылдың сәуір айында басталған. 10 шақырымға жуық жаңа жол салу жоспарлануда. Бүгінгі таңда 17 көшеге 3 шақырым жол салынды. Толық аяқтау 2023 жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Бұдан бөлек, «Шұғыла» шағынауданында 6,9 шақырым жаңа жолдың құрылысы басталмақ.

Брифинг соңында Ернұр Абжахан 2022 жылы жол жабынын орташа жөндеу аясында ұзындығы 219 шақырымды құрайтын 225 көшенің жол жабынын (оның ішінде 21-і магистральді көше, ұзындығы 66,3 шақырым) жөндеу жоспарланғанын айтты. Бүгінгі таңда ұзындығы 50 шақырым болатын 84 көшеде орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Ал ұзындығы 85 шақырым болатын 59 көшеде жұмыс кестеге сай жүргізілуде.



ШОБ

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН жеңілдетілген несиенің талаптары өзгерді

Алматы қаласы әкімдігі мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры бірлесіп, Almaty Business өңірлік бағдарламасына бірқатар өзгерістер енгізіп, шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілеріне жеңілдікпен несие беру шарттарын жетілдірді.



Атауы Jana Business деп өзгертілген бағдарламаның қатысушылары Алматы қаласында тіркелген және еңбек ететін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бола алады.

Жаңартылған бағдарламаның шарттарына сәйкес жеңілдетілген несиелер бойынша ең жоғары мөлшерлемесі 7%-дан 6%-ға дейін төмендетілді. Несиенің максималды сомасы 100 млн теңгені құрайды, несиелеу мерзімі – 7 жылға дейін.

Jana Business бағдарламасының тағы бір жаңалығы – өнеркәсіптік парктер субъектілеріне жылдық мөлшерлемесі 6%-бен 500 млн теңгеге дейінгі сомада 7 жылға дейінгі мерзімге несие алу мүмкіндігі қарастырылды.

Сауда операцияларының тиімділігін арттыру мақсатында Jana Business бағдарламасында факторингтік мәмілелерді жылдық 8,5% мөлшерлемесі бойынша қаржыландыру мүмкіндігі көзделді.

Факторинг механизмі сатып алушыға төлемді кейінге қалдыра отырып, тауарды немесе қызметті сатып алуға мүмкіндік береді. Осындай мәміле шеңберінде факторингке мамандандырылған қаржы институты (фактор) белгілі бір комиссия үшін өнім берушіге тауардың немесе қызметтің құнын төлейді және оның орнына сатып алушыдан дебиторлық берешекті шартта көрсетілген уақыт арқылы алу құқығына ие болады. Факторинг тетігін пайдалану кәсіпкерлерге тауар айналымының мерзімін арттыруға және кассалық алшақтықты болдырмауға мүмкіндік береді.

ШОБ субъектілеріне жеңілдікпен несие беру екінші деңгейдегі банктер, микроаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы жүзеге асырылады. Кепілдікті қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда кәсіпкерлер «Даму» қорының кепілдіктерін пайдалана алады.

ALMATY Business өңірлік бағдарламасы 2019 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Оны жүзеге асыру барысында Алматы қаласы бойынша 27,3 млрд теңгеге 211 жоба қаржыландырылды, 1340 жұмыс орны құрылды, 26,6 млрд теңге салық түсімдері қамтамасыз етілді. Талдау нәтижесі көрсеткендей, жобалардың 53%-дан астамы негізгі құралдарды, жабдықтарды, шикізат пен материалдарды сатып алу мақсатында қаржыландырылады.

ҚҰРЫЛЫС

Соңғы уақытта «бизнес класс» санатына жататын үйлердің күрт көбеюіне қала тұрғындарының тарапынан наразылық көп.



ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ СҮРІЛЕДІ

Алматы қалалық Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, Наурызбай ауданы «Ақжар» шағынауданындағы «Жайсан» тұрғын үй кешені заңсыз салынып жатыр.

Бұған дейін нысанда тексеру жүргізіліп, тапсырыс беруші ҚР Әкімшілік құқық бұзу кодексінің 316-бабы 1-бөлігі, 321-бабы, 463-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған болатын. Басқарма Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына заңсыз салынған нысанда бұзу туралы талап арыз жолдады. Бүгінде талап арыздар қанағаттандырылып, сот шешімі заңды күшіне енеді деп күтіліп отыр.

«Байдың асын байғұс қызған-

ды» дей көрмеңіз, онсыз да тар, балалардың ойын алаңдары мен көлік қоюға жер таппай жүрген аулаларда көпқабатты үйлердің тұрғызылуы, расында да, қисынға келмейтін жайт. Мұндай заңсыз құрылыстың айналаға келетін кедергісі көп. Ең бірінші, инженерлік желілерге түсетін жүктеме артады. Яғни баспаналарға берілетін су мен жылудың қысымы айтарлықтай төмендейді. Аула ішінде көлік қоятын орындар да назардан тыс қалады. Ең бастысы, сол маңдағы тұрғындарға қауіп төндіреді.

Жалпы, үйлердің ортасына тұрғындардың келісімінсіз, құзырлы мекемелердің рұқсатынсыз хәм қала билігінің шешімінсіз мұндай заңсыз зәулім үйлер салуға ешкімге рұқсат жоқ.

КӨҒАЛДАНДЫРУ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ҚҰРҒАМАСЫН! Мегаполисте суару жұмыстары күшейтілді

Алматыны жасыл желекпен көмкеру, сол арқылы алып шаһардың сәулетін арттыру күн тәртібіндегі жоспардың бірі. Бүгінгі таңда қала көшелері жайқалған гүлдер мен жаңа отырғызылған жас көшеттерге, тербелген ағаштарға бай. Алматылықтар жасыл желектің жанға сая екенін, қала берді, экологиялық тұрғыда маңызы зор екенін жақсы біледі. Сол үшін де көгалдың көктей солып, құрап қалғанын қаламайды.

Қала билігі ауа райының аптап ыстығына байланысты құрғақшылықпен күресу үшін Алматының барлық аудандарында жасыл желектерді суару жұмыстарын жиілетуге шешім қабылдады. Бұдан былай кейбір аймақтар қажет болған жағдайда күнде суарылады.

Көптеген аумақтарда автоматтандырылған суару жүйесі қолда-

нылады. Сондай-ақ, мердігер мекемелер помпыны пайдаланады. Жаяу жүргіншілер көшелеріндегі көгалдар автоматты суару жүйесі мен су тасығыштардың көмегімен суарылады.

Жауапты мамандардың айтуынша, суару жұмыстары күн сайын кестеге сәйкес түнгі уақытта күшейтілген режимде жүргізіледі. Сондай-ақ, саябақтар, гүлзарлар мен жасыл аймақтардағы жасыл желектер қосымша суарылады.

Қала аудандарының аумағындағы жұмыстарға қосымша 22 суару-жуу машиналары тартылды. Айта кетейік, 25 шілдеден 26 шілдеге қараған түні 22 машина 66 рейс жасап, жасыл желектерді суаруға 660 м³ су пайдаланды. Алып шаһардың автомобиль жолдары бойындағы көгалдарды суару алаңы 105 мың м² құрады.



АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



СУ БАСПАЙТЫН БОЛДЫ Қалада 2 есе кеңейтілген су өткізгіш құбырлар орнатылып жатыр

Алматыда су басу мәселесін шешу үшін кешенді жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде судың жайылуынан көбірек зардап шеккен 56 аумақта апаттық-қалпына келтіру жұмыстары басталды.

Экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының айтуынша, бүгінде қала бойынша диаметрі 500 мм-лік су өткізгіш құбырлар бар. Бұлар қаладағы су ағынына төтеп бере алмайды. Сондықтан да судың өткізгіштігін қамтамасыз ету үшін диаметрі 1 метрлік құбыр өткізгіштер орнатуды қолға алған. Осылайша қаладағы құбырлардың су өткізгіштігі 2 есеге ұлғаяды.

«Қала басшысының тапсырмасы бойынша біздің басқарма Алматының су жайылатын аймақтарына мониторинг жасады. Нәтижесінде 102 аумақ және 12 істен шыққан коллектор анықтал-

ды. Солардың ішінде 56 аумақ судың жайылуынан қатты зардап шегетінін, сондықтан тез арада биылдан қалдырмай апаттық қалпына келтіру жұмыстары қажет екені анықталды», – дейді Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының стратегиялық даму бөлімінің жетекшісі Мұрат Жексембаев.

Мониторинг барысында 12 коллекторға тазалау мен қалпына келтіру жұмыстары қажет екені және 4 су өткізгіш канал салу қажеттілігі анықталды. Бүгінде қалада Емцов пен Рысқұлов даңғылының төмен жағындағы су өткізгіш құбырларды қалпына

келтіру жұмыстары жүргізілуде. Сала мамандарының айтуынша, аумақтағы жұмыстар 20 күн бойы жүреді.


Айта кетейік, Райымбек даңғылының солтүстік бөлігіне диаметрі 1 метрлік 2 су өткізгіш құбыр орнатылды. Бұл Яссауи мен Б.Момышұлы көшелерінен келетін еріген суды өткізеді. Осы аумақта Райымбек даңғылының жолды бөлу жолағында қабылдағыш камералар орнатылады. Сондай-ақ, Яссауи көшесінің құбыр өткізгіші бұрыннан бар су өткізгіш коллекторға жалғанады. Ал Б.Момышұлы көшесінің құбыр өткізгіші бұрыннан бар Райымбек-Момышұлы айрық жүйесінің өткізгішіне қосылады.

**Бетті дайындаған
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**



ЛИФТ

Алып шаһарда аспанмен таласқан биік ғимараттар мен зәулім үйлер бой көтерген сайын тұрғындардың жеделсатыға деген қажеттілігі артатыны белгілі.



ӨРКЕНИЕТТІҢ БІР БЕЛГІСІ

жеделсатылардың техникалық жағдайы жаман емес



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өркениеттің бір белгісі һәм алматылықтар үшін қажетті құралдардың бірі саналатын жеделсатылардың бүгінгі жай-күйіне сала мамандары қанағаттанарлық деп баға беріп отыр.

Қазақстан лифтішлер ұлттық қауымдастығының президенті Ержан Игібаевтың айтуынша, бүгінде Алматыда 6 мыңға жуық лифт бар. Олардың жағдайын қанағаттанарлық деп бағалауға болады.

«2019 жылдың басында қалада жаңғыртуды қажет ететін 1000-ға жуық лифт болған. Бүгінде бұл сан 300 лифтіге дейін қысқарды. Оларды 2022 жылдың соңына дейін ауыстыру жоспарда бар. Бірақ бұл тұрақты процесс, өйткені әр лифтінің өз қызмет ету мерзімі бар», – дейді қауымдастық өкілі.

Спикердің пікірінше, нарықта Қазақстанда қолданылатын жоғары сапалы лифт брендтері өте

көп. «Бұл – Қытай мен Кореядан шыққан жеделсатылар. Сондай-ақ, Ресей мен Беларусь лифтісінен кем түспейтін, қауіпсіздіктің бүкіл стандарттарына сай келетін қазақстандық лифтілер де бар», – дейді ол.

Қауымдастық басшысы заңға сәйкес лифтіні жылына кемінде бір рет мамандандырылған ұйым тексеретінін айтады. Бұл ретте қызмет көрсететін компания ай сайын лифт жабдықтарын тексеруден өткізуге міндетті.

Ержан Игібаев Қазақстанның ірі қалаларында, атап айтқанда, Алматы мен Нұр-Сұлтанда лифтерге қызмет көрсететін 60-тан 80-ге дейін кәсіпорын бар екенін, бірақ олардың бәрі бірдей сертификаттаудан өтпегенін атап өтті.

Айтуынша, аталған ұйымдарда СТ-РК 3305-2018 ұлттық стандартына сәйкестік сертификаты болуы керек. Бұған дейін ол Алматыдағы «Mega Towers» тұрғын үй кешенінде 25-қабатқа дейін бар жылдамдықпен көтеріліп барып, үйдің төбесіне соғылған лифтінің тексерілгенін айтқан болатын.

СЕМИНАР

ИТ АУЛАУДА ДА ІЗГІЛІК КЕРЕК

Алматы қаласының ветеринарлық қызметі көршілес Алматы облысының мамандарына қаңғыбас иттер мен мысықтарды қатыгездікпен емес, ізгілік жолдарымен аулау және уақытша ұстау мәселелерін көтерген семинар өткізді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Семинарға 30-ға жуық маман, соның ішінде Алматы облысының ветеринария басқармасынан, өңірдің аудандық және қалалық ветстанцияларынан өкілдер қатысты. Алматы қаласының ветеринарлық қызметі басшысының міндетін атқарушы Марат Жүнісов, сондай-ақ аулау бөлімінің басшысы Шалқар Дәулеткелді сөз сөйледі.

Семинардың мақсаты – бекітілген қағидаларға сәйкес, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулаудың, ұстаудың және көзін жоюдың адамгершілік тұрғыдағы әдістері туралы ақпарат беру, еліміздің «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» жаңа Заңының тиісті нормаларын түсіндіру, сондай-ақ иттерді американдық catch-all ілмектерімен ұстаудың тың әдісін көрсету және жануарларды жарақаттап алмай-

тындай етіп қармауыш-торлармен ұстап, бір жерден екінші орынға тасымалдауды үйрету.

Айта кету керек, біздің қала Алматы облысының үш ауданымен шектесіп жатқандықтан, қаңғыбас ит-мысықтардың басым бөлігі сол аймақтардан ауып келеді. Сәйкесінше, саны да күннен-күнге көбейіп отыр. Сондықтан Алматы қаласының ветеринарлық қызметіне көбірек салмақ түсетіні жасырын емес. Осы орайда қалалық және облыстық ведомстволардың бірлескен осындай қоян-қолтық атқарар жұмыстары жаңа заңнама аясында қаңғыбас жануарлар мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік береді деп отыр сарапшылар.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда қаңғыбас иттердің көшеде кетіп бара жатқан кісіні талау деректері тіркеліп қалып жүр. Сондықтан бұл бейжай қарайтын мәселе емес. Сол иттер алдымен жұқпалы ауруларды тасымалдаушылар және құтыру белгілері

байқалғанда адамға шабуыл жасауы да мүмкін. Оның соңы өлімге әкеліп соқтыруы да ғажап емес. Осы орайда, шетел тәжірибесінен бірер сөз келтіре кетсек. АҚШ-та қаңғып жүрген иттерді арнайы бекітілген мамандар ұстап алып, тексеріп, ауруы болса емдеп, көше кезіп жүрген жануарларға арналған баспаналарға тапсырады. Сол жерден полиция офицерлерінің көмегі арқылы иттердің қожайындары із-дестіріліп, қолдарына табысталады. Ал Германияда итін көшеге қараусыз шығарып тастаса, иесіне 25 мың евро көлемінде айыппұл салынады.

Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың мамыр айында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңының 7-бабының 5) тармақшасына сәйкес жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың үлгілік қағидалары бекітілген.

БРИФИНГ

КИНО САЛАСЫНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Алматыда 60-тан астам киножоба мемлекеттен қаржыландырылады

Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Қазақстанның киноиндустриясына арналған брифинг өтті. «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» КЕАҚ өкілдерінің айтуынша, жыл сайын отандық фильмдерді түсіруде жас режиссерлер мен сценаристердің белсенділігі артып келеді.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Спикерлер атап өткендей, биыл Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы өткізген байқау қорытындысы бойынша 62 киножоба қаржыландырылады. 2019 жылы 17 киножоба, ал 2020 жылы 39 фильм қаржыландырылған болатын.

Биыл елімізде бір мезгілде 18 толық метражды, 19 деректі, 17 қысқа метражды және 8 анимациялық фильмнен тұратын түрлі жанрдағы 60-тан астам киножоба түсірілмек, бұл бұрын-соңды болмаған көрсеткіш.

Қазақстанның Халық әртісі, «ҰКҚМО» КЕАҚ жанындағы сараптама комитетінің төрағасы Досхан Жолжақсынов



журналистер алдында сөз сөйлеп, конкурс өткізу кезінде көп нәрсе өзгергенін хабарлады.

«Сараптамалық кеңес 80%-ға жаңартылды және ұсынылған жобалар әлдеқайда қызықтырақ әрі сапалы болмақ. Бұрын қыруар қаржы жұмсалған үлкен, монументалды жобалар азайтылды. Биыл жастар

тарапынан көптеген жобалар ұсынылып отыр», – деді Д.Жолжақсынов.

Сарапшының айтуынша, олар шығармашылық жолын енді бастаған кинематографистердің өміріне жолдама болатын бюджеттік жобаларға басымдық беруге тырысып отыр. Халық әртісі қазақстандық киноның сапасы туралы сөз қозғады, жас

көрерменге аса қажет отандық анимацияның жай-күйі жайлы да айта кетті. Алдыңғы екі байқауда 5 анимациялық жоба қолдау тапса, биыл – 8 жоба жарық көрмек.

Досхан Жолжақсынов байқаудың ашық әрі әділ өтіп жатқанын, жобаны қорғау процесі онлайн трансляцияланатынын атап өтті.

«Кез келген байқауда жеңіске жететіндермен қатар, жеңілетіндер де болады, сондықтан барлық жоба бірдей мақұлданбайды. Биылғы жылы киножобаларды қорғауға 208 өтінім қабылданды, оның 122-сі толықметражды фильм, 86-сы қысқаметражды фильм. Конкурстық өтінімдер арасында әлеуметтік маңызы бар көркем фильмдер, деректі және дебюттік фильмдер көп», – дейді «ҰКҚМО» КЕАҚ басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Шөкенов.

Брифинг барысында мемлекеттік қолдауға ие болған жас киногерлер қатары жыл санап артып келе жатқаны белгілі болды. Осы жазда киноға баға беретін қазылар алқасына ондаған дебюттердің жұмысы ұсынылды.

Биыл мемлекеттік қаржыландыру сомасы 5,6 млрд теңгеден асатыны белгілі болды. Оның ішінде әлеуметтік маңызы бар фильмдерге (оның ішінде анимациялық) 4,95 млрд теңге. 500 млн-ға жуығы «дебют» санаты бойынша өтетін фильмдерге, тағы 129,5 млн кең аудиторияға арналған фильмдерге, 25 млн бірлесіп шығарылған фильмдерге жұмсалады.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

ЛЕБІЗ



«Болсашы, автобустың бәрі осындай!..»

«Қаланың көркі қоғамдық көліктегі тазалық арқылы да бағаланады. Сондықтан аптап ыстықта автобустардың ішкі тазалығы көпшілік үшін маңызды деп ойлаймын. Соңғы 3-4 күнде ауа температурасы +45 градусты көрсетіп жүр. Дала күйіп тұр. Мұндайда әлгі салқындатқышы бар автобустардың «мәртебесі» артады екен.

Кеше аялдамадан №127 автобуска отырдым. Іші сап-салқын! Салондағы әуезді әуен жаныңа бір сәт тыныштық пен жайлылық сыйлайтындай. Көлік тізгіндеген жүргізушінің мәдениеті өз алдына. Жолаушыларды музыка ырғағымен тербетіп, алып бара жатты. Ешкімге айкайлап, дөрекі сөйлемейді. Жылы ғана жымыып, жұрттың сұрағына жауап беріп отыр.

Осындай әсермен демалып, 15 минутта үйіме жеттім. Жолаушыларға жайлы атмосфера сыйлаған №127 автобустың жүргізушісіне мың алғыс! «Шіркін, қоғамдық көліктердің барлығы осындай болса ғой...» деймін келе жатып...

Әлеуметтік желідегі парақша арқылы қоғамдық көлік жүргізушісіне жылы лебіз білдірген алматылық Евгений Мұхаметжановтың пікірінен кейін қала тұрғындары жалпы қаладағы қоғамдық көлік жүргізушілеріне деген ойларын білдіріп жатты. Бірі «жүргізушілер өз жұмыстарына немқұрайды қарайды» десе, екіншілері, олардың жұмыстарының оңай емес екенін айтып, мәдениет пен тазалық жолаушыларға да қатысты» екенін жазды.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

Тиісті шаралар қабылданады

25 шілдеде Райымбек даңғылындағы «Максима» сауда орталығына жетпей (егер қала орталығынан келе жатсаңыз) бағдаршамның алдында жан-жағы асфальтталған, бірақ беті ашық жатқан шұңқырға көлігімнің дөңгелегі түсті де кетті. Шұңқырдың шеттері өткір темірлер болған соң дөңгелек сол жерде жарылып қалды.

Қайта жамауға, жасауға жарамсыз. Сол маңдағы жанармай бекеті жұмысшыларының айтуынша, дәл осындай оқиғаға тап болған мен үшінші адам екенмін. Мұндай немқұрайдылық қашанғы жалғасады? Сонда біздің салық ретінде төлейтін қаражатымыз қайда кетіп жатыр? Қасымнан өтіп жатқан МАИ көліктерінің бірі тоқтамады. Әйтпесе, Алматының көшелеріне бақылау жасайтын солар «Жол ортасында неге тұрсыз?» деп сұрауға болады ғой...

Есесіне, көлік тізгінде-



ген қарапайым қала тұрғындары бірнеше мәрте тоқтап, көмек қолдарын ұсынып жатты. Жұбайымды күтіп тұрғанымды айтып, көпшілікке ризашылығымды білдірдім. Сол күні қолұшын беруге тырысқан жандардың барлығына алғыс айтамын. Ал ерекше құрметімді

дөңгелекті жасап біткенше көмектесіп, қасымызда болған «Дача» кафесінің жұмысшысына білдіремін. Арамызда осындай жүрегі жылылыққа толы, танымаса да ешкімді жатырмай көмектесіп жүретін, мейірімді жандар көп. Өкініштісі, біз оларды байқай бермейді екенбіз», – дейді Жанна Чернышева есімді қала тұрғыны.

– Дәл осындай шұңқыр Петров көшесіне жетпей, Райымбек даңғылының бойында да бар. Сенбі күні сол шұңқырдың шеті менің де көлігімнің дөңгелегін бүлдірді, – дейді Бауыржан Сербай есімді азамат.

Тұрғындардың шағымына орай біз Жетісу ауданы коммуналдық шаруашылық бөліміне хабарластық. Жауапты мамандар айтылған мекенжайлар бойынша коммуналдық қызмет өкілдері тексеру жүргізіп, тиісті шаралар қабылдайтынын айтты.


АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Қоғам мүлкін бүлдіретіндер қатаң жазалансын!

Қоғам мүлкі ел мәдениетінің, рухани деңгейінің көрінісі. Сондықтан оларды өз үйіндегі заттай бағалап, күтіп ұстау – әрбір адамның міндеті. Әсілінде, әрбір үйдің ауласындағы тазалықтан, ондағы халық игілігі үшін орнатылған заттардың күтімінен туған қалаға деген қамқорлықты, туған жерге сүйіспеншілікті, өзіне деген құрметті көруге болады.

«Мынау Алмалы ауданына қарасты Қожамқұлов көшесі, 124 мекенжайында орналасқан үйдің алды мен артқы жағындағы аулалардың көрінісі. Ауладағы ойын алаңдары майысып, орындықтары сынған. Барлығы өзіміздің балалар үшін ғой, қараңызшы, орнатылғанына көп уақыт бола қоймаса да, тренажерлер жарамсыз болып қалған. Осыларды кішкентайлар ойнасын, үлкендер бір мезгіл демалып отырып, әңгіме-дүкен құрсын деп орнатты емес пе?! Сонда жергілікті әкімдік қайда қарап отыр? Бұзылғанды жөндеп, бүлдіргендерге қатаң жаза қолданбаса, онда әкімдік не үшін қажет? Барлық құзырлы орган не істеп жүр?», – дейді тұрғындар атынан хабарласқан Берік Құралбайұлы есімді азамат.

Жаз бастала сала ауыл баласы емин-еркін көшеде доп қуып ойнаса, қала балдырғандары үй ауласындағы алаңдарды жағалайды. Әлбетте, әр баланың ең бақытты сәттері ата-ана мейірімінен соң осы ойын алаңдарынан басталады. Сол естеліктер оның жүрегіне өмірбақи жылу сыйлайды. Үй ауласы жарқырап, сән-салтанаты келісіп тұрса, ата-ана да қуанады. Бірақ балалардың алаңсыз ойыны үшін жасалған ауланың жағдайы сын көтермейді. Балалардың жазғы демалысы бел ортаға келіп қалды, ал алаңқайлардың түрі осы. Жергілікті әкімдікке құлаққағыс! Халыққа жағдай жасауды баладан бастаған дұрыс шығар...



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

«Қақпақсыз» қала атанып жүрмейік!



Алып шаһарда жеңіл ақша табу үшін темір-терсек ұрлығы тыйылмай тұр. Олай деуімізге қала көшелерінде беті ашық қалған құдықтардың көбейгені дәлел. Адам өміріне қауіпті бұл көріністерді алматылықтар әлеуметтік желіге жариялап, дабыл қаға бастады.

– Ашық құдықтарды тезірек жабу керек. Өте қауіпті. Мынау Сүйінбай даңғылы, 132 А/2 мекенжайындағы тротуар. Өзіңіз көріп тұрғандай, құбырдың беті ашық жатыр. Бұл жолдармен балаларымыз бен немерелеріміз жүреді. Үлкендер де осы тротуарды пайдаланады. Кеш қарайғанда біреу байқамай түсіп кетсе, қайғылы оқиға орын

алады ғой. Қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін тезірек құдықтарды жабу керек, – дейді Сәкен Жүсіпбеков есімді желі қолданушы.

Дәл осындай көрініс әл-Фараби мен Мендіқұлов көшелерінің бойында да орын алған болатын. Осыдан бір апта бұрын «102» мен «109» нөмірлеріне хабарласып, қауіпті аймақтың мекенжайын айтып, өтініш қалдырғанмын. Бірақ ешқандай нәтиже болмайды екен. Кейіннен қарасам, әлгі жердегі өзі майысып әрең тұрған темір торды біреулер үштеп кетіпті. Борт нөмірі «515» деген полиция көлігін тоқтатып көрсетіп едім, темірді түзеп жапты да әрі қарай

жөндеріне кете барды. Абырой болғанда әлгі құдыққа ешкім түспеді. Жұмысшылардың көмегімен, құдық жабылды.

Қала тұрғындары дәл осы аймақтағы құдықтардың беті жиі ұрланатынын айтып: «Бақылау күшеймесе, «қақпақсыз» қала атанып кетуіміз мүмкін» дейді. Сондықтан осы аумаққа бейне-камера орнатып, бақылауды күшейту қажет деп есептейді.

P.S.

Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 нөмірі арқылы хабарласуыңызға болады.



ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚ

ПАТРИОТТЫҚ ОРНАМАЙ, ІС ӨНБЕЙДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстанды бірлесіп құруға шақырған болатын. Осы бағытта барша ел азаматтарының ойы, ұстанымы, болашаққа көзқарасы жарқын әрі анық.

Осы тақырыпта экономист, қоғам белсендісі Бекнұр ҚИСЫҚОВПЕН әңгімелескен болатынбыз.

– Жаңа Қазақстанға үлес қосу үшін не істеу керек?

– Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты биылғы Жолдауында мемлекетіміздің басты бағдарын нақтылап берді. Соның ішінде «сайлау жүйесін жетілдіру», «партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту», «құқық қорғау институттарын күшейту», «еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру», т.б. бастамаларды айқындады. Енді ойланyp қарасаңыз, осы аталғандар жүзеге асып жатыр. Барлық нәрсе бір сәтте бола салмасы анық. Дейтұрғанмен, кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр дей аламыз.

Өздеріңізге мәлім, Жетісу, Ұлытау, Абай облыстары ашылды. Бұл сол өңірлерді индустриалды аймақтарға айналдыру деген сөз. Халықтың табысын арттырып, әлеуметтік мәселесін шешіп алсақ, басқа дүниелер өз ретімен шешімін табады. Ең негізгісі халықты жұмыс, баспанамен қамту керек. Бұл – уақыт күттірмейтін жұмыс. Өйткені, демографиялық ахуал жылдан-жылға жақсарып келеді. Мың тәубе! Сондықтан жүзеге аспай, қолды болып, талантаражаға түсетін жобалардан құтылайық. Оның орнына жас отбасыларды пәтермен қамтып алайық.

Мәселен, биыл 17 миллион шаршы метр пәтер беріледі екен. Соны басы артық жобаға қаржы бөлгенше, шамамен 30–34 миллион шаршы метр көпқабатты үйлер салайық. Бірақ ипотека бағасын шарықтатпайық. Кезекке қоюда да олқылықтар көрініп қалып жатыр. Сол жағын да реттейік. Өзіміздің туған елімізде жас отбасыларға пәтер беріп, оны қолжетімді етейік.

Жаңа Қазақстан – жемқорлықсыз мемлекет дер едім. Ел бюджетіне қол салмай, адал іс қылу керек. Отан – опасыздықты кешпейді. Туған елдің қазынасына қол салу өте ұят тірлік. Сондықтан өсіп келе жатқан жасөспірімдерімізді отаншылдық рухта тәрбиелейік. Дүниеде біздің басқа барар, паналап күн кешер жұмақ мекеніміз жоқ. Сол жұмақты бәріміз орнатуымыз қажет. Сонда ғана еліміздің бағындырған және алатын асуы алда болмақ.

МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

– Аға, Мемлекет басшысы жуырдағы өкіметтің кеңейтілген отырысында бірқатар шенділерге сын-ескертпе айтты. Осыған орай ой-пікіріңіз қандай?

– Президент өте өзекті мәселелерді көтерді. Сонымен бірге, министрліктер мен комитет басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар берілді. Соның ішінде «Тұрақты қор» туралы ой айтылды. Биылдың өзінде 18-19% инфляция орын алды. Дүкендердегі баға шарықтап барады. Соның бәріне тұрақты баға жасау қажет. Осыншама қаржы мемлекет тарапынан бөлінді. Бірақ азық-түлік бағасы өсіп барады. Осыған орай атқамінерлер нақты істер қабылдауы керек еді. Алайда, істеліп жатқан істер өз нәтижесін бермеуде.

Қазіргі таңда ең өзекті мәселе, ол – қант. Өз жерімізде шығарылатын өнімнің құнының күрт өсуі күмән тудырады. Неге олай? Бұл жағын дөп басып ешкім айта алмайды. Ең бастысы, инфляцияны тездетіп тежемесе болмайды. Еліміздегі бұрыннан келе жатқан қант зауыттарының жұмысына сараптама жүргізілу қажет. Осыдан кейін барып нәтиже шығара аламыз. Жалпы, үкімет отырысында айтылған игі ойлар мен нақты тапсырмаларды кезек күттірмей орындау қажет. Сонда алға ілгерілейміз.

ЕҢБЕК – БӘРІН ЖЕҢБЕК

– Жұмыссыздықты жеңу үшін қайтпек керек?

– Қазір жаһандану процесі қатты жүріп жатыр. Әлемдегі геосаяси жағдай тұрақсызданып тұр. Қалаға жұмыс іздеп келуші жастар көп. Оның басым көпшілігі жеткізу қызметінде жұмыс істейді. Көшеде мотоцикл, велик, самокаттармен арқасында көк пен сары дорба арқалап кетіп бара жатқандарды көресіз. Іштей жаныңыз ашиды. Күннің ыстық-суығына қарамастан күнкөрістің қамымен жүр. Арасында студент жастар көп. Жалпы, елдімекеннен келген жастар даяшы, жүк тасушы, т.б. қызметтерді қосымша ат-



қаруда. Сөйтіп жүріп сабағына үлгеріп бағуда. Осылай кете берсе маман сапасыздығына жол беріп қояуымыз мүмкін. Күндіз-түні қызмет істеп, табыс табуды көздеп жүр. Осы істің бәрін атқарып жүрген қазақтың балалары. Сондықтан өзіміздің жастарымызға өзіміз жанымыз ашымаса, ұрпақтар сабақтастығы, патриотизм деген ұғымдардан ада қаламыз. Одан кейін абыройымыз күл-талқан болуы ғажап емес. Осы жағына қатты мән берген абзал.

Жұмыссыздықты құр сөзбен жеңбейміз. Ол үшін экономикалық тиімділікті ойлау қажет. Тек мұнай мен газ, пайдалы қазбаларға сеніп отырудың еш қажеті жоқ. Қайта жаңадан өндіріс орындарын ашқан абзал. Мәселенки, Қазақстан ауыл шаруашылығы мен туризмге өте қолайлы континентте орналасқан. Бастысы, жемқорлықты тыйсақ. Өз қаржымызды өзіміздің экономиканың өсуіне салсақ, озамыз. Мысалы, аталған салаларға 100 теңге салсаңыз, егер бәрі жан-жақты дұрыс бағдарланған, кіріс пен шығыны есептелген болса – 1000 теңге табыс түсіреді. Ол үшін жас кәсіпкерлерге қолдау керек. Өкімдіктен, түрлі құзырлы мекемелерден қолдау көбейсе, іс өнеді. Өйткені, әрбір отандық белді кәсіпкер ел экономикасының донорына айналары сөзсіз. Сонда ғана жұмыссыздық мәселесін шешеміз.

ӨНДІРУШІДЕН ӨНДЕУШІГЕ АЙНАЛАЙЫҚ

– Қазақ мемлекетінің қаржылық ахуалын нығайтуда тағы да қандай істер атқарған жөн?


– Бұл сауалға біршама жауаптар бердім. Енді осыны толықтырайын. Бізде осыған дейін сыртқа кеткен қаржының есебі жоқ. Қанша миллиард доллар шетелге шығарылды, ол жағын дөп басып айта алмаймыз. Бірақ заңсыз шығарылған қаражаттардың бар екенінен хабардармыз. Бұған байланысты жұмыс тобы құрылып, жұмыс жүргізіліп жатқанын естудеміз.

Көптеген экономистер, қаржы сарапшылары шикізатқа сеніп отыра бермеу қажеттігін ескертуде. Болашақ мүлде басқаша болғалы тұр. Барлық қолжетімді қызметтер электронды форматқа көшеді. Бизнес тек ғаламтор арқылы жүзеге асуы мүмкін. Осы жолда біздің де өзіміздің тұрақты бағытымызды табуымыз керек. Ол үшін экономиканы әртараптандыру маңызды.

Қазақстан алтын, күміс, мұнай мен газ қорына бай дейміз. Бірақ осы қазба байлықтар 20–30 жылға ғана жетуі ықтимал. Одан кейін қалай өмір сүреміз, соны ойлану маңызды. Бізден кейінгі ұрпақтарымыз мамыражай күн кешу керек. Дәл сол ойлағанымыз болсын десек, өзіміз қазірден қимылдайық. Бизнесіміз өркендетудің жолдарын қарастырайық. Шағын және орта кәсіпке негізсіз тексерісті азайтайық.

Сонымен қатар, олардың өркендеп өсуіне жағдай жасайық. Керек болса, бәтенкелі бауынан бастап өзіміз шығарайық. Индустрия бағытында жұмыс істеп дағдыланайық. Отандық өнімдерге сұранысты арттырайық. Бастысы – елімізге 4 мұнай өңдеу зауытын салу қажет. Өйтпесе, көрші елдерге иек артып отыра береміз. Жанар-жағармайдың бағасы арта береді. Ал бұл дегеніміз, алтын сандықтың үстінде отырып, жарлы-жақыбайдың күйін кешумен тең.

Елімізде индустриалды аймақтар құру уақыт күттірмейтін іс. Зауыттар мен фабрикаларға өзіміздің азаматтар ие болғаны абзал. Инвестор тартқан дұрыс. Дегенмен, өз Отанымызда өсіп-өнген азамат туған еліне бүйрегін бұрып тұрады анық. Сондықтан бұл арада парадокс жоқ деп санаймыз. Осы ойларымды жоғарыда да



түртпін өттім. Десе де, отандық тауар өндірісі дұрыс жолға қойылса, импорт азайып, экспорт көбейсе, нұр үстіне нұр деп санаймын. Ең бастысы, қолынан іс келетін қазақ жастарын қолдайық. Қарақөздерімізге сенім артып, кәсіп ашуына зейін қойсақ, экономиканың қарқынын үдету деген сол. Жас кәсіпкерлерге қолдау бар кезде, оның міндетті түрде жемісі болары анық.

БІЛГІР ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ КЕРЕК

– Табысты еселеу үшін не істеу керек?

– Бұл сұрағыңызға философиялық тұрғыда тіл қатайын. Ең негізгісі, қаржылық сауаттылық керек. Капитализм, коммунизмді аңсай берудің қажеті жоқ. Ешкім аспаннан ақша жаудырмайды. Кеңес өкіметінде сіздің жағдайыңызды өкімет ойластырған болатын. Яки, жұмысты тындырып немесе бүлдіріп істесеңіз де, әйтеуір батып-қалқып жүре беретіңіз. Ал қазір заман басқа, заң басқа. Сәл көзді жұмып, кідірдіңіз бе, онда жаныңыздан басқа біреу жүгіріп өтеді. Сөйтіп, сіз ойлаған жаңалықты ашық қояды. Былайша айтқанда, түлкі заман ғой. Сондықтан өзімізден кейінгі іні-бауырларымызға айтарымыз біреу. Тек алға ұмтыла беріңіз. Мақсатты қимылдаңыз. Өр ісіңізді жоспарлап алыңыз. Мүмкін болса, білетін жандардың кеңесіне құлақ түрген абзал. Өйткені, білмегеніңіз үшін ұятты емессіз. Сол себепті де, алға ұмтыла беру керек.

Қаржы – ептілікті сүйеді. Сонымен бірге табандылықты талап етеді. Бір рет жолыңыз болмаса, құладым деп ойламау керек. Себебі, кәсіпкер үнемі тәуекелдер үстінде жүреді. Тәуекелшілдік, батылдық адамның мақсатын шындайды, арманының жүзеге асуына септігін тигізеді. Бүгінгі таңда әлемге әйгілі Джек Ма, Дефф Безос, Илон Маск – бәрі-бәрі өз ақылдарына еңбекті қосқандар. Соның нәтижесінде ғажайып жаңалықтар ашып, барша сауда-саттық, қызмет көрсету, жаңа технологияларды іске асырып келеді.

Біздің қазақ жастары өте білімді және алғыр. Өзіміздің қарақөздерімізге қолдау арту керек. Олар шетелдің емес, өзіміздің экономиканы өркендетуі керек. Сонда ғана іс өнеді. Қазақ мемлекетінің экономикалық ахуалы жоғары. Осы деңгейді еселеп, биік белестерді бағындыра беруге жазсын!

– Келелі ойларыңызға рахмет!

Әңгімелескен Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



САРАПТАМА

ТІРШІЛІК МИНИМУМЫ: асқазан стандартқа бағынбайды

Ораза-намаз тоқтықта, бүгінгі күннің проблемасы азық-түлік пен киім-кешекке, тұрмысқа байланысты болып тұр. Қымбатшылық қарқыны үлкен. Жалақы, зейнетақы тіршілікке бірде жетсе, бірде жетпейді.

Тіршілік минимумы деген өлшем бар. Күдайдан бұрын, соған сеніп өмір сүретіндер де аз емес. Атының өзі айтып тұрғандай, бұл өзі өзекті пенденің «жаншығар» тұстағы жалғыз сенері, үмітартары да іспетті.

Ал сонда осы тіршілік минимумы дегеннің өзі не және ол неге байланысты өлшем? Тіршілік минимумы бір адамның ең төменгі ақшалай кірісін білдіреді. Ол адамның тамаққа, қызмет түрлеріне, азық-түліктік емес тауарларға жұмсайтын шығынына тең болып, барлық сұранымын қамтамасыз етуге тиіс.

Үкімет үстіміздегі жылдың қаңтарында азаматтарға арналған жаңа тіршілік минимумын бекітті. Биыл ол 36.018 теңгені құрайды. Ал өткен жылғы өлшем – 34 302 теңге болатын. Демек, биылғы тіршілік минимумының мөлшері бытырғыдан 1716 теңгеге көп.

Ал бұл минимум азаматтардың бүгінгі мұқтажын өтей ала ма? Бүгінгі базардағы нарыққа қарағанда ол мүмкін емес. Себебі, алдымен азық-түлік бағасы күн өткен сайын аспандап барады. Бір ғана қант бағасын мысалға алсақ жетіп жатпак.

Жақында ғана Қызылорда қаласында қанттың 1 kilosы 1000 теңгеге сатылды деген ақпарат тарады. Әрине, қазіргі 36018 теңге тұратын тіршілік минимумы небары 36 кило қанттың құнына тең деген сөз. Бұл дегеніңіз, шынында да, қазіргі тұрмыстық деңгейді айқын көрсетеді.

Жалпы, Қазақстандағы тіршілік минимумына азық-түлік себеті, қызмет төлемдері

мен азық-түліктік емес тауарлар енеді. Мұның ішіндегі ең маңыздысы осы минималды азық-түлік себеті. Азық-түліктік емес тауарлар мен қызмет төлемдерінің үлесі тіршілік минимумының 45 пайыздық көлемін құрайды. Қалғаны азық-түлікке тиесілі.

«Байтал түгіл, бас қайғы» демекші, әлбетте қазіргі азаматтар алдымен бәрінен бұрын азық-түлік қамын ойлайды. Тіршілік минимумының жартысынан көбі, яғни 55 пайызы осы азық-түлік себетінің үлесінде.

Ал азық-түлік себетіне не енеді? Ресми деректер бойынша оған тиесілі азық-түліктің 43 түрі бар. Олардың ішінде тары – 20, ет – 100, нан – 300, көкөніс – 400, жеміс – 100, сүт өнімдері – 300 грамм деп көрсетілген.

Әрине, мұншалықты тамақпен алысқа бармайтынын айтпаса да белгілі. Дегенмен, мұндай стандартты нормалар ғылыми негіздемелерге, адамның физиологиялық сұранымын қамтамасыз етуге негізделген.

Дейтұрғанмен, үкімет алдағы уақытта осы азық-түлік себетіне енетін тамақ түрлерінің санын 51-ге дейін өсіруді межелеп отыр. Әрі ол – минималды әлеуметтік стандарт.

Қазір базар аралап бағаны бағамдасан, өмірден түңіліп оралатындай жағдайға жеттік. Мұны жақсы түсінген үкіметке өкпе жоқ, шамасы жеткенше тіршілік минимумын барынша молайтуға тырысуда. Іс жүзінде тіршілік минимумы әлеуметтік төлемдерге, мемлекеттік-базалық зейнетақы мөлшеріне тәуелді.

2001 жылғы статистикалық деректер



бойынша Қазақстан халқының 46,7 пайызының табысы тіршілік минимумынан төмен болған. Ал 2016-2017 жылдары бұл көрсеткіш 20 жылдың ішіндегі ең төменгі нәтижені көрсетті. Алайда, 2018 жылы кедейшілік деңгейінен төмен өмір сүретін тұрғындар саны қайтадан өсіп, 4,3 пайызды құрады. Ал 2020 жылғы көрсеткіш – 5,3 пайыз.

Өздеріңіз көріп отырғандай, халықтың әлауқаты, тұрмысы көңіл көншіте қоймайды. Соған сәйкес, үкімет те тіршілік минимумын барынша өсіруге тырысуда. Биліктің инфляциялық өсімді қаншалықты тоқтатып, азаматтардың әл-ауқатын жақсарту алатынын болашақ көрсетпек.

Үстіміздегі жылдың маусымынан бастап зейнетақы өсті. Жәрдемақы көлемі де молайды. Осының бәрі айлық есепті көрсеткіштің және тіршілік минимумының өсуіне байланысты болған өзгерістер.

Кереметі сонда, тіршілік минимумын реттеп отыру ұдайы ырыққа көне беретін жұмыс емес. Елеусіз, бірақ тіршілікке тікелей әсер ететін жайттар да бар. Мәселен, соңғы деректерге қарағанда, бір қарағанда елеусіз

көрінетін неке сақинасының өзі 39 пайызға қымбаттапты. Өлбетте, тұрмысқа тікелей әсер ететініне қарамастан, тіршілік минимумын есептерде ол есепке алынбайды. Ондай мысалдар көп.

Қазір қарапайым тұрғындар арасында жалақының, зейнетақының және жәрдемақының көлеміне байланысты өкпе-наз баршылық. Себебі, инфляция мен қымбатшылық қарқыны бүгінгі төлемдерге сәйкесіп отырған жоқ. Басқаша айтқанда, «Адамның асқазаны ешқандай стандартқа бағынбайды».

Халық алдағы уақытта алдымен тіршілік минимумына кіретін тауарлар санын арттыруды, бағаны реттеуді, жалақы мен зейнетақыны, жәрдемақыны көтеруді қалайды.

Соңғы деректерге қарағанда, осы жайтты ескерген үкімет таяудағы уақытта алдымен зейнетақы мен жәрдемақыны, ең төменгі жалақы мөлшерін өсіруді қарастырып жатыр.

Себебі, шынында да, адами сұраным мен мұқтаждық, бәрінен бұрын асқазан ешқандай стандартқа да, үкімет белгілеген тіршілік минимумына да бағынбайды.

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

АҚЖОЛДЫҢ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫ

Алматылық Ақжол Ахметова «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында зергерлік бұйымдар жасайтын өндірістік цех ашу үшін 5 млн теңге көлемінде грант ұтып алды. Кәсіпкер мемлекеттік бағдарламаға қатысу үшін 2021 жылдың көктемінде «Qolday» кәсіпкерлік орталығында өтініш берген. Өңірлік комиссия мүшелерінің алдында жобаны сәтті қорғап, қаржы қолына тигеннен кейін, арада бірнеше ай өткен соң 2021 жылдың қазан айында зергер кәсібін бастап кетті.



**Айнұр
СЕНБАЕВА**

«Құлағыңа таққаның күміс сырға, күмбірлетіп шығасың күнде қырға» деп халық әнінде шырқалғандай, күмістен жасалған бұйымдарды халқымыз ежелден-ақ ерекше бағалап, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен қолданған. Күміс құмған, қасық секілді ыдыс-аяқтардан бөлек қыз-келіншектердің ажарын кіргізіп, сән-салтанатын келтіретін жүзік, сырға, алқа, оюлы білезіктер қай заманда да құнды. Ал қазақтың зергерлік өнері тамыры тереңге жайылған дәстүрлі мәдениетіміздің ең көрнекті саласы. Зергерлік өркімнің қолынан келе бермейтін киелі өнер. Зергер болу үшін тумасынан дарыған табиғи дарын керек. Сондай-ақ, зергерлік – атадан балаға мирас болып қалатын, ұстаздан шәкіртке даритын ата кәсіп. Халқымыздың дүниетанымымен астасып жатқан бұл қастерлі өнердің өкілдері бүгінде арамызда жүр.

Он саусағынан өнер тамған Ақжол Ахметоваға зергерлік атасынан дарыған. Зарықбек ақсақал темірден түйін түйген шебер, бесаспап ұста кісі болған екен. Сонау 1950 жылдары Қытайдан атажұртына көшіп келген Зарықбек Жақияұлы өзінің қолөнері-

мен Семей өңіріне, ауыл-аймаққа танылған. «Атамның кәсібін жалғастырсам, қазақтың қастерлі өнерін жандандырсам деген арманым болды. Ол кісілердің заманында күміс, алтын деген қат, тапшы болды ғой. Соған қарамастан, атамыз қолына тиген темір, металдардан бесік, орындық секілді тамаша дүниелерді жасаған. Әжемсіз де тігінші, қолөнер шебері болған екен. Өз әкем де қолөнерден құралақан емес. Менің негізгі мамандығым – эколог және бастауыш сынып мұғалімімін. Екі бірдей жоғары білім болса да, жүрегім зергер болуды, әдемі бұйымдар жасауды қалады. Мемлекеттік бағдарлама менің арманымды жүзеге асыруыма, ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдарды жасайтын кәсіп ашуыма мүмкіндік берді. Кәсіп ашам деген өзім секілді көпбалалы аналарға мемлекеттің қолдауы зор көмек», – дейді Ақжол.

Шағын ғана цехта кәсібін дөңгелетіп отырған Ақжол Ахметова мемлекеттік бағдарламадан түскен қаражатқа лазерлік кесуге, балқытуға, құюға, күмісті жылтыратып, өңдеуге арналған станоктар, сондай-ақ қажетті шикізаттарды, мыс, күміс, табиғи тастар сатып алды.

Кәсіпкер келіншектің алғашқы



клиенттері – өзінің туыстары. Өйткені, олар Ақжолдың ерекше талғамына, табиғи дарынына сенеді. Ол шашбау, білезік, жүзік, алқа секілді дәстүрлі зергерлік бұйымдарды жаңа стильдегі дизайнмен жасайды. Шашбаудың бір жиынтығы шамамен 60 мың теңге тұрады, білезік – 20 мың теңге, неке жүзігі – 15 мың теңге. Зергерлік бұйымдарды сатып алушылар – ұлттық нақыштағы әшекейлерді жоғары бағалайтын адамдар. Бүгінде Ақжолдың қолынан шыққан сәндік бұйымдарды көбіне адамдар қалыңдық жасауына, жас жұбайларға сыйлыққа, аналарының мерейтойына, әріптестері мен серіктестеріне құрмет белгісі ретінде сатып алады.

Зергердің айтуынша, осындай кәсіп ашуының негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу, ұлы дала нышандарын қайта жаңғырту. Тәрбие демекші, қазақ халқы кез келген дүниенің алдымен мән-мағынасына терең үңіледі.

«Қазіргі кезде шашбауды ұзатылып жатқан қызға тағу үшін менен алып жатады. Ертеде үлкен әжелеріміз бой жетіп келе жатқан қыздың шашына шашбау тағатын болған. Қос бұрымға тағылған шашбаудың сыңғыры неғұрлым қатты естілсе, қыз сыпайы болуы үшін соғұрлым ескертулер жасап отырған. Осылайша тал шыбықтай бұралып өсіп келе жатқан қыздың жүрісі аққудай, мінезі мамық-

тай, әдепті әрі байыпты болуына шашбаудың тигізер пайдасы көп. Сондықтан болашақта жасөспірім қыздарға шашбау тағуды әдетке айналдырсақ деген ниетпен шашбауларды ыңғайлы, сүйкімді, заманға сай етіп жасауды қолға алдық. Күміс білезіктер әйел адамдар ас үйде жұмыс істеген кезінде тазалық сақтауға көмектесетін маңызды құрал ретінде қолданылған. Әшекейлерге салынған әрбір сурет пен өрнектің өзіндік мағынасы бар, олар адамды сұқ көзден, қара ниеттен қорғайды. Күміс алтыннан да бағалы, пайдалы металл деп саналған. Мысалы, егер күміс қарайып кетсе, сол әшекейді тағып жүрген адамның денсаулығы сыр берді деген сөз. Сондай-ақ, ислам дінінде де күмістің пайдасы мен ерекшелігі туралы айтылады. Сондықтан мен көпшіліктің назарын осыған аударғым келеді, әшекей аларда күмісті таңдаса екен деген тілегім бар», – дейді Ақжол Ахметова.

Әзірге Ақжолдың шағын өндіріс орнында 2 зергер, есепші және шаруашылық бойынша көмекшісі жұмыс істейді. Әшекей бұйымдардың дизайнын Ақжолдың өзі ойлап табады. Сондай-ақ, ол зергерлермен өз идеяларын ортаға салып талқылап, жақсы дүниелер шығаруға барын салып жүр.

Сүйікті жар, білікті кәсіпкер, 5 баланың анасы Ақжолдың отбасылық кәсібіне табыс тілейміз. Қастерлі өнердің өрісі кеңейе берсін!





АНТИКОР

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жоғары білім беру саласындағы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «Дөңгелек үстел» өткізді.



Шараға Алматы қаласының 37 жоғары оқу орнының ректорлары қатысты.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың үкімімен ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты аясында 2022–2026 жылдар аралығындағы тұжырымдамасы бекітілген болатын. Тұжырымдамада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесіне айрықша көңіл бөлінген.

Оқу мекемелерінің басшылары дер кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алмаса, ертеңгі күні қызметкерлер қылмысқа баруы мүмкін. Түбінде мекеме басшысы ретінде тікелей жауапты екенін ұмытпа-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

ған абзал. Сессия емтихандары кезінде жемқорлық фактілері жиі болатыны белгілі. Жоғары білім беру саласында жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша өткен жылы атқарған тың жобалар мен кемшіліктерді ескере отырып, алдағы 2022–2023 оқу жылдарына арналған кешенді жұмыстарды қарастырудамыз», – деді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысы Асхат Оразханұлы.

Қайыржан АХМЕТБЕКҰЛЫ, республикалық «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің жетекшісі:

– «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі Алматы қаласындағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен құрылды. Қаладағы бірнеше университетті біздің жобамен тығыз байланыста деп толық айта аламыз. Жобаның мақсаты – білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау, жас ұрпақтың жемқорлыққа қарсы пікірін қалыптастыру.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Адам саудасына жол жоқ!

Досбол
АТАЖАН

2022 жылғы 26 шілдеде адам саудасына қарсы «Ақпараттық марафон» «Алматы-Тараз-Ақтау» жобасы аясында ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, Алматы қаласы әкімдігінің, ҚР ІІМ және ҚР-дағы АҚШ елшілігінің шағын гранттар бағдарламасының қолдауымен «Бірге адам саудасына қарсы: сын-қатерлер, табысты тәжірибелер, өзара іс-қимыл перспективалары» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті.

Аталған іс-шараға мемлекеттік органдардың, оның ішінде қала әкімдігінің, құқық қорғау органдары мен прокуратураның, судьялар корпусының, Алматы қаласында орналасқан дипломатиялық миссиялардың, ҰЕҰ және БАҚ өкілдері қатысты.

Жиынды «Родник» ҚҚ директоры Нина Балабаева жүргізіп отырды. Жоба үйлестірушісі Жайсанбаева Ғаиза жұмыс барысында алынған аналитикалық және статистикалық мәліметтермен бөлісті: «Мобильді консультациялар барысында 387 азаматқа (жергілікті тұрғындар мен әлеуетті осал мигранттар) ақпараттық қол-



дау көрсетілді. Құқықтық қолдау – 224 адамға, оның ішінде әлеуметтік мәселелер бойынша – 122 адамға, басқа өтініштер бойынша – 41 адамға көрсетілді. Тренинг бойынша жалпы мәліметтер: Алматы қаласында – 38 адам, Алматы облысында – 52 адам оқытылды».

Айтылған жоба кез келген адамның телефон арқылы қоңырау шалып, жоғары білікті жетекші адвокаттан тегін кеңес алу мүмкіндігі арқылы ерекшеленді. Адвокат өз сөзінде телефон және әлеуметтік желілер арқылы кеңес беру кезінде 164 өтініш келіп түскенін, оның ішінде 20 консультация күндізгі форматта түскенін айтты. Атап айтқанда, 157 – Қазақстан, Өзбекстан – 2 адам, Тәжікстан – 2 адам, Филиппин – 2 адам, Қырғызстан – 1 адам.

ПД криминалдық полиция басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Мұса Әлішер «ҚР Үкіметінің 2021–2023 жылдарға арналған Адам саудасына байланысты қылмыстардың алдын алу, жолын кесу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарын» орындау бойынша қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын «Дөңгелек үстел» қатысушыларына айтып берді. Оның айтуынша, ҰЕҰ-мен тығыз өзара іс-қимыл кезінде тұрақты негізде ақпараттық сипаттағы насихат жүргізіледі, 116-16, 1409 жедел желінің жұмысы туралы хабардар ету жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың 30 шілдесінде «Родник» ҚҚ-мен бірлесіп «Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күніне» орай-

ластырылған ақпараттық акция жоспарланған. Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде адам саудасына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың 7 фактісі анықталды.

Орталықтың заңгері Бақыт Диана жобаның барлық кезеңдерінде «Родник» ҚҚ командасы қандай сын-тегеуріндермен жиі бетпе-бет келетіндігімен бөлісті: «Іс-шараларды, әсіресе шекара маңындағы аймақтарда және әуежай мен теңіз порты сияқты стратегиялық объектілерде өткізуді келісу рәсімінің ұзақтығы; трафиктің алдын алу және қауіпсіз көші-қонды танымал ету туралы ақпарат алуға халықтың жекелеген бөлігінің қызығушылығының болмауы; іс-шараларды өткізу кезінде адам саудасының алдын алуға және қауіпсіз көші-қонды насихаттауға бағытталған осындай ақпараттық-профилактикалық бағдарламалардың жүйелілігі және т.б. қиындық тудырады», – деді ол.

Тәжікстан Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының заңгері Фаридун Әмірханов осал мигранттар мен адам саудасының құрбандарына көмек көрсету жөніндегі көпжылдық және жемісті ынтымақтастық үшін алғысын білдірді. Ал Өзбекстан Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Фатхуллаев Аброр Джахангерұлы адам саудасының алдын алу, делдалдарды/жұмыс берушілерді қудалау және адам саудасының құрбандарын қорғау бағытында Қормен соңғы 2-3 жылдағы белсенді ынтымақтастықты атап өтті.

Жиын соңында Нина Балабаева «30 шілде – Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күніне» арналған акцияға қатысуға, өзінің азаматтық ұстанымын көрсетуге және адамзатқа қарсы қылмыстан қандай да бір дәрежеде зардап шеккендерге қолдау көрсету үшін өз дауысын беруге шақырды.



МЕДИАЦИЯ

АЛИМЕНТ ӨТЕУ – ПАРЫЗ

Елімізде 3 миллионнан астам борышкер алимент төлеуден жалтарып жүр

Жалпы, Қазақстан бойынша некені бұзу туралы азаматтық істер Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында жиі кездеседі. Бұл ақпаратты ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру басқармасы жариялады.

Комитет дерегіне, биылғы 6 айда сот неке және отбасы дауларына қатысты 23 755 азаматтық іс қарап, 22 341-ін қанағаттандырған. Оның ішінде некені бұзу туралы 18 282, алимент өндіру бойынша 1510 азаматтық іс қанағаттандырылған.

Некені бұзу туралы ең көп азаматтық іс Алматыда (2564), Алматы облысында (2048), Нұр-Сұлтан қаласында (1604), Қарағанды облысында (1538) тіркелген. Былтырғы жарты жылмен салыстырғанда, Алматы қаласында 8%-ға, Нұр-Сұлтан қаласында 2%-ға неке бұзу дерегі артса, қалған өңірлерде ажырасу саны азайған.

Бүгінде республика бойынша сот орындаушының есебінде тұрған 3 949 027 борышкердің тек 133 мыңнан астамы ғана алиментті өз еркімен төлейді. Қалғаны әртүрлі себеппен алимент төлеуден жалтарып жүр.

Алимент төлемей жүргендерге шетелге шығуға, банк операцияларын жасауға, өз шоттарындағы қаражатты пайдалануға, мүлікке тыйым салу сияқты шектеулер бар. Сондай-ақ, жұмыссыз борышкерлерге тұрақты түрде жұмыспен қамту шаралары қабылданады.

Баланың кәмелетке толу-толмауы борышкерді берешектен босатпайды

Кейбір борышкерлер баласының кәмелет жасына толғанын күтіп, алименттен тезірек құтылудың амалын қарастырады. Мына нәрсені ескерген жөн. Баланың кәмелетке толу-толмауы борышкерді берешектен босатпайды. Ерлі-зайыптылардың тіл табыса алмай, отбасы дейтін шағын мемлекеттерін сақтай алмауына бала кінәлі емес. Сондықтан балаға материалдық жәрдемақы беру ананың да, әкенің де басты борышы.

КЕРЕК ДЕРЕК

ҚАНДАЙ ТАБЫСТАРДАН ҰСТАЛАДЫ?

- Еңбекақы;
- қосымша ақылар мен үстеме ақылар;
- сыйлықақылар мен сый-ақылар;
- өтемақылар мен комиссиялық сыйақылар;
- зейнетақы төлемдері;
- мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;
- шәкіртақылар мен авторлық табыстар;
- кәсіпкерліктен түскен кірістерден алимент ұсталады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Заңгер-медиатор Дана АҚӘДІЛҚЫЗЫ Қазақстандағы алимент туралы толығырақ түсінік берген еді.

Алиментті кімдер ала алады?

Алимент кәмелет жасына толмаған балаларға, кәмелетке толған, бірақ енбекке жарамсыз балаларға, ерлі-зайыптылардың біріне және бұрынғы ерлі-зайыптылардың біріне, кәмелетке толған балалардың енбекке жарамсыз ата-аналарын асырауына беріледі.

Ерлі-зайыптылардың арасында ұзақ мерзімді өтемақы, яғни алимент туралы келісім болса, некені бұзу кезінде алимент мөлшері келісім бойынша есептеледі. Егер бұрынғы ерлі-зайыптылар келісімге қол қоймаса, онда сот орындаушысы ата-анасынан алимент төлеуді талап етеді.

Сондай-ақ, кәмелетке толған баласынан ата-анасы алимент өндіре алады. Бұл ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы заңымен реттеледі.

Қалай есептеледі?

Алимент мөлшері мен төлеу тәртібі, сондай-ақ отбасы мүшелерінің қаржылық міндеттемелері кодекстің 5-бөлімімен реттеледі.

Қазақстандағы 2022 жылғы алимент мөлшері ең төменгі сома – 1 балаға 15 мың теңге. Бұл – ең төменгі жалақының төрттен бір бөлігі. Ең төменгі жалақы мөлшері биыл 1 қаңтардан бастап 60 мың теңге болып бекітілген. Яғни 1 балаға – алимент төлеуші тараптың ай сайынғы табысының төрттен бірі, екі балаға – үштен бірі, ал үш немесе одан да көп балаға табысының жартысы берілуі керек. Қаржылық және отбасылық жағдайға байланысты бұл сома әртүрлі болуы мүмкін.

Медиацияның маңызы қандай?

Екі тұлғаға некені бұзу барысында сотқа дейін келісімге келуге, яғни өзара заңды күшке не келісім жасауға мүмкіндік береді.

Яғни қиын жағдайда қалған ерлі-зайыптылардың ажырасу алдындағы шешімін байыппен қабылдауға немесе мүлікті бөлу және балалардың тәрбиесіне жауапты адамды анықтау үшін сотқа жүгінбестен бұрын көмек беруге тырысады. Бейтарап медиатор маман нәтижелі келіссөздер жүргізуге көмектеседі.

Медиатор ешкімнің жағына шықпай, арнайы сұрақтар мен әдістердің көмегімен сұхбатты эмоционалды жағдайдан конструктивті бағытқа бағыттайды. Егер ерлі-зайыптылар өз мәселелерін шешуге медиация қажет десе, рәсімді тікелей бастай беруге болады. Бұл рәсім тек ерікті түрде және екі жақтың қалауымен ғана жүргізіледі.

Маманға жүгінбес бұрын өзара шарт жасалады. Медиация кездесулерінің саны жағдайға байланысты болады. Заң бойынша рәсімнің мерзімі бір айдан аспауға тиіс. Дегенмен, бір-екі кездесуден кейін-ақ келіссөздердің нәтижелі болатынын немесе болмайтынын білуге болады. Ажырасуға шақ қалған жұптар медиатормен хабарласқаны жөн. Отбасының бұзылуы екі тарап үшін де жеңіл болмайтыны сөзсіз. Тәжірибеге сай, көп жағдайда медиатормен кездесуден кейін жұптар отбасын сақтап қалып жатады.

Алимент төлемегенге қандай шара қолданылады?

Сот шешімімен тағайындалған алименттерді төлемей, уақытылы немесе толық төлемей заң бұзушылық екенін ескерген жөн.

Сот шешімі болса және оны жеке сот орындаушысы орындап жатса, оның орындалып жатқанын немесе орындалмағанын үнемі тексеру қажет. Екіншіден, егер арада алимент төлеу туралы келісім болса, оны сотқа беріп, атқару парағын алу керек. Бұл міндеттеме уақытында орындалуға тиіс. Атқару парағын кез келген уақытта қайтарып алуға болады. Бұл борышкер қысқа мерзім ішінде алимент төлейді деген сөз. Алимент бірнеше ай бойы төленбесе, осы уақытқа дейін жиналған қарыз сот орындаушысының ұйғарымымен бөлек өндіріп алынады.

Сондай-ақ, алимент төлеуден жалтарған жағдайда, борышкерден әрбір кешіктірген күн үшін берешектің 0,1 пайызы мөлшерінде өсімпұл талап етілуі мүмкін.

Заңда алимент өтемеген борышкер үшін қылмыстық жауапкершілік те қарастырылған. Ол бойынша 10 АЕК немесе 30 630 теңге көлемінде айыппұл, не қоғамдық жұмыстар, кейбір жағдайларда, тіпті, 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.

ҚЫЛМЫСТЫҚ АХУАЛ

Қалада ұрлық саны азайды. Жалпы, қаладағы қылмыстық ахуал тұрақты және бақылауда. Қылмысты ашу бойынша жұмыстың тиімділігі артты.

Ұрлық азайды

Қалалық ПД деректері бойынша осы жылдың 6 айында қалта ұрлығы 3,8 есеге, пәтер ұрлығы 44%-ға, сондай-ақ көлік салонынан бөтеннің мүлкін ұрлау 47%-ға азайған. Сонымен қатар, жыл басынан бері кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс (-14,5%), отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (-14,3%), бұрын сотталғандардың заңсыз әрекеттері де (-47,8%) төмендеген.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Мас күйде төбелес шығарған

Алматы әуежайында төбелес болып, тәртіп сақшысы қызметтік қарудан оқ атқан.



Мас 3 ер адам әуежайдың көлік тұрағында төбелесіп, олардың бірі бөтелкені сындырып, тәртіп сақшысына қарай жүгірді.

Қалалық полиция департаментінің мәліметінше, 26 шілдеде, түнгі сағат 1.00 шамасында Алматы Халықаралық әуежайы аумағындағы туристік полиция бекетінің құрамындағы полиция қызметкерлеріне ер адам келіп, көлік тұрағында төбелес болып жатқаны туралы хабарлаған.

«Ақпарат расталды, анықталғандай ішімдік ішкен 3 ер адам төбелесіп жатты. Олар полиция қызметкерлерінің талабына агрессиямен жауап берді. Төбелесушілердің бірі бұрын сотталған, 1994 жылы туған У. есімді азамат сыраның шыны бөтелкесін сындырып, полицейге қарай жүгіріп, оны соққыға жықпақ болды. Ауыр қылмыстың жолын кескен тәртіп сақшысы қызметтік қаруынан аспанға ескерту оқ атты», деп хабарлады қалалық полициядан.

Төбелеске қатысушылар ұсталды. Олар – Алматы және Түркістан облыстарының тұрғындары. Екеуі – адам тонағаны және бөтеннің мүлкін ұрлағаны үшін бұрын сотты болған.

«Олардың әрекеті ҚК-нің 293-бабы 2-бөлігі – бұзақылықпен сараланып, қамалға алынды. Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды», – деп атап өтті ведомстводан.

Қызметтік қаруды қолдану дерегі бойынша қызметтік тексеру жүргізілетін болады.

Бетгі әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



АУЫР АТЛЕТИКА

НӘТИЖЕ – 47 МЕДАЛЬ!

Ташкентте 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы Азия чемпионаты аяқталды. Қазақстан атынан 22 спортшы – 13 жігіт пен 9 қыз қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша біздің жас спортшыларымыз 47 медаль жеңіп алды, оның ішінде 10 алтын, 23 күміс және 14 қола!

17 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар арасында медаль есебінде біздің құрама үшінші орынға ие болды. Жеке рейтингте ұлдар арасындағы жалпы есепте бірінші болдық, ал қыздарымыз сегізінші орынға тұрақтады.

20 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар арасында Қазақстан командасы Азия құрлығында он бірінші орынға ие болды. Ал осы санатта жарысқан зілтемірші жігіттеріміз тоғызыншы, юниор қыздар сегізінші орынға жайғасты.

– Бірінші кезекте барлық команда мен жаттықтырушылар штабын үздік нәтижелермен құттықтағым келеді. Әр спортшы жүз пайыз күш салып, нағыз чемпиондық мінез көрсетті. Осы орайда, жас та болса



бас болған Емберді Едігені ерекше атап өткім келеді. Ол өзінің нағыз рекордшы екенін мыңдаған көрермендердің алдында тағы бір рет дәлелдеді. Сондай-ақ, Никита Абдрахманов пен Әлішер Байбұровты жеке атап өту керек, олар жасөспірімдер арасында өз санаттарында көшбасшы атанды және жастар арасында екінші орыннан көрінді. 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында Азия чемпионы атағын иемденген Денис Полубояриновтың да еңбегі зор.

Жарыс қарсаңында құраманың жаттықтырушылар штабы, Федерация және өңірлік

жаттықтырушылар үлкен кешенді жұмыс атқарды. Жиын кезінде іріктеу жүргізілді, жаттықтырушылар кеңесінің отырысында КҚКО желісі бойынша Чемпионатқа аттанған үздіктер, сондай-ақ облыстық басқармалар есебінен кіл мықтылар бекітілді.

Қорытындылай келе, жастар құрамасында ауыр атлетикадан лайықты резерв қалыптасты дей аламын. 2028 жылғы Олимпиадада осы жастарымыз тағы да жүзден жүйрік болып, ел мәртебесін биіктетеді деп үміттеніміз, – деді КҚКО аға жаттықтырушысы Жәнібек Кішкенбаев.

КҮРЕС

Біздің жерлестеріміз әлемдік аренада грек-рим және әйелдер күресінен бірқатар жеңістерге жетті.

БІЛЕКТІ ДЕ, ЖҮРЕКТІ...

Италияда грек-рим күресінен U17 әлем чемпионаты басталды. Қазақстан қоржынына жарыстың бірінші күні жұлде салынды. 48 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған палуанымыз – Арсен Жұма қола медаль жеңіп алды. Үшінші орын үшін айқаста ол Тигран Галстяннан (Армения) айласын асырды. Бұл салмақта Иран өкілі Али Ахмади Вафа жеңімпаз атанды, ол финалда үнді спортшысы Ронита Шарманы жеңді.

Сондай-ақ, Польшада әйелдер күресінен халықаралық турнир өтті. Жарыс нәтижесі бойынша Қазақстан командасы екі медальға ие болды.

55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күш сынасқан Марина Қайпанова-Седнева шешуші кезеңге дейін сүрінбей өткен. Алайда, ақтық белдесу кезінде Польша спортшысы Роксана Засинаның отандасымыздан басым түсті. Осылайша Марина елімізге күміс жұлде сыйлады. Ал Анна Андреевна (Румыния) мен Мария Винник (Украина) тұғырдың үшінші сатысына көтерілді.

59 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Диана Каюмова жартылай финалға дейін жетіп, жарыс қорытындысы бойынша қола жұлде жеңіп алды. Осы салмақта Соломия Винник (Украина) үздік болса, осының финалдағы қарсыласы Грейс Буллен (Норвегия) екінші орынға жайғасты. Ал Йовита Вжесень (Польша) үшінші орынды Дианамен бөлісті.



ВЕЛОСПОРТ

БІЗДІҢ ШАБАНДОЗ –
ҮЗДІК ОНДЫҚТА

Қазақстандық велошабандоз Алексей Луценко «Тур де Франс» суперкүндігінің үздік ондығына кірді.

Басты іріктеу кезеңінің жарыс қорытындысы бойынша ол тоғызыншы орынды иеленді. Алексей нәтижесі – Astana Qazaqstan Team командасы үшін үздік көрсеткіш болды.

Жалпы, жарыс қорытындысы бойынша Йонас Вингегорға (Jumbo – Visma) жете алатындар болған жоқ. Тадей Погачар (UAE Team Emirates) екінші болды. Үздік үштікті Томас Джерант (INEOS Grenadiers) түйіндеді.

Қазақстандық команданың өзге шабандоздары – Андрей Зейц – 39 болды, ал Дмитрий Груздев – 114-орынға тоқтады.

Айта кеткен жөн, Astana Qazaqstan Team командасы «Тур де Франс» кейін Испанияның «Вуэльта Кастилия и Леона» атты екі күндік жарысында бақ сынауда.

Команда құрамы: Мануэле Боаро (Италия), Винченцо Нибали (Италия), Стефан Де Бод (OAP), Нұрберген Нұрлықасым (Қазақстан), Юрий Нагаров (Қазақстан), Вадим Пронский (Қазақстан).

ФУТБОЛ

ЕУРОПАДАН ТАҒЫ БІР
ЖЕҢІС БАР

«Тобыл» сыртқы алаңда гибралтарлық «Линкольн» тағы бір рет жеңді.

Өткен маусымдағы Қазақстан чемпионы «Тобыл» Еуропа Конференциялар Лигасы аясында «Линкольн» командасымен қарымта ойын өткізді. Отандық ойыншылар еуропалық қарсыластарын 0:1 есебімен жеңіп, УЕФА жарысының үшінші іріктеу кезеңіне өтті.

Қазақстан чемпионы «Виктория» алаңына алғаш рет келсе де, алғашқы минуттардан тек жеңіс үшін келгендерін көрсетті. «Тобыл» ойыншылары допты өз иеліктеріне алып, сәт сайын жасалған қауіпті соққыларымен есеп ашуға тырысты. Мұндай қарқынды шабуылдар 31 минутта нәтиже берді.

«Тобыл» сапындағы ең тәжірибелі ойыншылардың бірі – Зоран Тошич «Линкольн» қорғаушыларының бәрін алдап өтіп, дәл соққымен есеп ашты. Бірінші таймның соңына дейін қазақстандық клубта тағы да бірнеше гол соғатын мүмкіндік болды. Алайда, кейде дәлдік, кейді сәттілік жетіспей, командалар үзіліске 0:1 есебімен шықты.

Үзілістен кейін алаңдағы ойын бейнесі айтарлықтай



өзгерген жоқ. Қостанайлықтар ойынды толықтай өз бақылауларында ұстады. Бұған көңілі толмаған «Линкольн» командасының бас бапкері екінші таймның ортасына қарай ойынға жаңа футболшылар қосып, өз командасына жаңа серпін бергісі келді. Ол жасаған ойыншы алмастырулар қатарында өте тәжірибелі Рой Чиполина да болды. Алайда, алаңдағы өзгерістерге «Тобыл» бас бапкерді қарап қалған жоқ. Ол өз тарапынан Серікжан Мужиковты шығарып, қостанайлық команданың қорғанысын бекітіп тастады.

Израильдік төреші Гай Лайбувицтің соңғы ысқырығы неғұрлым жақындаған сайын, «Линкольннің» келесі кезеңге өтетін

мүмкіндігі соншалықты азая берді. Ал ойын аяғына қарай гибралтарлық команда қарымта үш гол соға алмасы анық болды.

Нәтижесінде қазақстандық клуб «Линкольн» қайта жеңіп, Еуропа Конференциялар Лигасының үшінші кезеңіне жолдама алды. Айта кеткен жөн, «Тобыл» бұған дейін өз алаңында еуропалық қарсыласынан 2:0 есебімен басым түскен.

«Тобылдың» келесі қарсыласы бейсенбі күнгі ойындардан кейін белгілі болады. Белорусиялық «Шахтер», албаниялық «Тиран», румындық «ЧФР», Босниялық «Зриньски» және андорралық «Интер» қостанайлық командаға қарсылас болуы ықтимал.



ГРАНТ

ҚОҒАМДЫҚ ҚОР КОНКУРС ЖАРИЯЛАДЫ

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры бакалавриат бағдарламалары бойынша жоғары білім алу ақысын төлеу үшін мемлекеттік немесе өзге грант ала алмаған, ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан түлектерге, жетім балаларға және мүгедектігі бар балаларға шәкіртақы төленетін гранттар береді.



Бұл үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының гранттары мен шәкірт-ақысына үміткерлер (түлектер) өзі таңдаған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиясына 10 тамыздан бастап 17 тамыз аралығында өтінім тапсырады. Бағдарлама 2022-2023 оқу жылында жүзеге асырылады.

Бағдарламаға қатысушылардың іріктеу критерийлері:

- ҰБТ тапсырған және ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін қажет өту балын жинаған түлектер;
- ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан тұлғалар;
- жетім бала санатына жататын және кәмелеттік жасқа дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тұлғалар;
- мүмкіндіктері шектеулі, соның ішінде мүгедектігі бар тұлғалар.

2) ЖЖОКБҰ студенттерінің арасында өткізетін конкурстардың қорытындылары бойынша Қордың гранты мен шәкіртақысына үміткер Бағдарлама қатысушыларын іріктеу критерийлері:

- мүмкіндігі шектеулі, соның ішінде мүгедектігі бар студенттер;
- жетім бала санатына жататын және кәмелеттік жасқа дейін ата-анасының қамқорынсыз қалған студенттер;
- ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан студенттер;
- толық емес отбасыдан, 1 және 2 топтағы мүгедек балаларды тәрбиелеп жүрген отбасыдан шыққан студенттер;
- ата-аналары/ата-анасының бірі 1 және 2 топ мүгедегі болып табылатын студенттер.

Шәкіртақы төленетін грант бағдарламаның аясында шарт жасалған сәттен бастап бакалавриат бағдарламалары бойынша толық оқу кезеңін қамтиды. Оқу құны бойынша шектеме әрбір грант алушы студент үшін 1 млн теңге мөлшерін құрайды. Егер студенттің жылдық оқуының құны 1 млн теңгеден артық болса, онда 1 млн теңгеден асатын айырмашылықты грант алушы студенттің өзі төлеуі тиіс.

ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ

Оқу жылы онлайн ба?

Қазір «жаңа оқу жылынан бастап оқу онлайн болатын көрінеді» деген сөз желдей есіп жүр. Осыған орай, ҚР ДСМ инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Роза Қожапова мектептерді қашықтан оқыту форматына көшіру мүмкіндігіне пікір білдірді.

«Мектептерді немесе қандай да бір білім мекемесін қашықтан немесе жартылай қашықтан оқыту форматына көшіру оқу жылы басталуға жақын қалған кездегі жағдайға байланысты қаралады. Бұған дейінгі уақытта науқастанудың артуы әр-

түрлі ұзақтықта болды. Бізде вирустың соңғы өршіген кезі – 20 маусым. Қазіргі уақытта дәл қыркүйек айында жағдайдың қалай өрбитінін айта алмаймыз.

Жалпы, коронавирустың өршіген кезі 2 аптадан 2 айға дейінгі мерзімді қамтыған кезең болды.

Сондықтан оқыту қандай форматта өтетінін шамамен тамыз айының екінші жартысына қарай ғана айта аламыз. Бірақ жағдай сол уақытта балалардың арасында аурудың қаншалықты таралуына байланысты болады», – деді Роза Қожапова.



ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР



Оқу жылы ұзартылуы мүмкін

Қашаннан жаңалыққа бай білім жүйесі тағы да бір бастама көтеріп отыр. Оқу-ағарту министрлігі жаңа өзгерістердің болатынын мәлімдеді. Сонымен қатар, бұл бастама жазғы демалысқа еш әсерін тигізбейді.

Келер жылдан бастап мектеп оқушылары 1 маусым мен 1 қыркүйек аралығында демалатын болды. Бұл арадағы басты айырмашылық небәрі 5-ақ күн болады.

Оқу жылының ұзақтығын созу оқушыларға қосымша білімге көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік беретін болады. Әрі сабақ та аз болады. Жаңа оқу жылынан бастап мектептерде апталық оқу жүктемесі азаятын болады.

ТЕСТІЛЕУ

Тамыздағы ҰБТ-ға қатысуға болады

Биылғы тамыз айындағы ҰБТ-ға тіркелу app.testcenter.kz сайтында 25–30 шілде аралығында жүргізіледі. Тестілеудің өзі 10–13 тамыз аралығында өтеді.

Осыған орай, Ұлттық тестілеу орталығы бұл ҰБТ-ға кімдер қатыса алатыны туралы ақпарат жариялап отыр.

– өз қалауымен ЖОО-да ақылы негізде оқығысы келетін орта білім ұйымдарының биылғы бітірушілері;

– ЖОО-да ақылы оқығысы келетін орта білім ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім ұйымдарының бітірушілері;

– ЖОО-да ақылы негізде оқимын дейтін шетелде білім алған Қазақстан азаматы емес ұлты қазақ адамдар;

– ЖОО-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданатын ҰБТ нәтижесі бойын-


ша шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижесі жойылған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижесі бар тұлғалар;

– ЖОО-ға ақылы негізде шығармашылық дайындықты талап ететін білім бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдіргендер;

– ЖОО-ға ақылы негізде басқа білім бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және «педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша білім бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдіргендер.

Тестілеуге қатысу ақылы – 4230 теңге. Тест тапсырушылар ҰБТ-ға тіркелу кезінде тестілеу өтетін орынды, күнді және уақытты өздері таңдайды.

Негізгі ҰБТ-ға қатысқан тест тапсырушылар тамыз айындағы ҰБТ-да басқа бейіндік пәндерді таңдай алады.



БАЛАБАҚША



Лицензиялаудың маңыздылығы

Еліміздегі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін лицензиялау 2024 жылдан басталатын болды. Осыған орай, Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Гүлдана Омарова жүйенің артықшылығы туралы түсіндіру жұмысын бастады. Маманның айтуынша, лицензиялау арқылы мектепке дейінгі мекемелердің жұмыс сапасы жақсарады.

– Мектепке дейінгі ұйымдарда лицензиялауды енгізу өртке қарсы, санитарлық нормалардың, топтардағы балалар саны бойынша талаптардың сақталуын тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің мектепке дейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етуге және ата-аналар алдындағы жауапкершілігін арттырады, – дейді Гүлдана Омарова.

Сонымен, лицензиялау процесі кезең-кезеңмен жүзеге асырылмақшы.

Бұл ретте ең алдымен жаңадан ашылған балабақшалар лицензияланады. Екінші кезеңде мемлекеттік аттестаттаудан өтпеген балабақшалар. Сосын барлық жұмыс істеп тұрған өзге балабақшалар тәуекелдерді бағалау деңгейі бойынша лицензияланатын болады. Бұл жұмыстар кезең-кезеңмен жүзеге асатындықтан балабақша басшыларының еш алаңдауына жол жоқ. Олардың барлығына жұмысты сапа стандарттарына сәйкестендіруге уақыт беріледі.

Гүлдана Омарованың пікірінше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің төмендігі өте маңызды, өйткені лицензия беру жөніндегі мемлекеттік қызмет автоматтандырылып, лицензиялардың лицензиатпен тікелей іс-қимылы болмайтын көрінеді.

АЛДАҒЫ ЖОСПАР

Балабақша кезегінде 43 мың бала тұр



Алматы балабақшаларында қашаннан орын тапшы. Қазірдің өзінде мектепке дейінгі білім мекемесінің кезегінде 43 мыңнан астам бала тұр.

Жалпы, мегаполисте 866 мектепке дейінгі мекеме болса, оның 192-сі мемлекеттік, қалған 674 -і жекеменшік балабақшалар.

Сәтін салса, қалалық әкімшілік 2025 жылға қарай 3 жастан 6 жасқа дейінгі бүлдіршіндерді мектепке дейінгі тәрбиемен 100 пайыз қамтуды жоспарлап отыр.

Дәл қазір қала көлемінде 560 орынға арналған екі мемлекеттік балабақша салынып жатса, бұған қоса биыл 69 жекеменшік балабақша ашылатын болады.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



ТЕХНОЛОГИЯ ТӘМСІЛІ

БОЛАШАҚ – ӨНЕРТАПҚЫШТАР ҚОЛЫНДА

Ғалымға жағдай жасалған жерде ғана ғылым қарыштап дамиды



ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымының докторы, профессор Мұхтарбай Өтелбайұлы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қонақ болды. «М.Әуезов мұражай-үйінің» мәжіліс залында өткен кездесуде ғалым «Тілмаш роботтар, тілмаш телефондар» деген тақырып төңірегінде тың мағлұматтарымен бөлісті. Кездесу барысында академик қазақстандық ғылымның бүгінгі жай-күйі мен ертеңгі даму үдерісіне баға беріп, технократияның ана тілі мен ұлт руханиятының өркендеуіне тигізер оң ықпалына тоқталды.

Тіпті, ғылымда доктор қалмай барады. Сол себепті магистратура, PhD мен қатар, бұрынғы дәстүрлі кандидаттық, докторлық қорғауды қалпына келтіру керек. Екі жүйе де қатар жүрсе дейміз.

Ғылым құлдырамау үшін ғалымдарға көңіл бөлу керек. Дәлірек айтқанда, жағдайларын жасап, үй-жаймен қамтып, жалақысын жақсарту қажет. Әйтпесе, ғылым адамы үнемі тұрмыстың тауқыметін ойлап жүрсе, қандай ғылым шықпақ?! Осы арада тағы бір ойды түртіп өтейік. Аталған дүниелерге көңіл бөліп өзгеріс жасайтын бүгінгі буын болмақ. Болашақ – жастардың қолында.

Отандық ғылымды дамытпай, өркеніет жолына түсе алмаймыз. Егер бидайдың басындағы дәнін орып алсаңыз, масақ қалады. Біздің бүгінгі ғылымдағы жағдайымыз осылай боп тұр. Үнемі шетелдің ғалымдарының артынан жүріп отырсаңыз, еш уақытта алдынан шықпайсыз. Сол себепті, ғылымнан қаражатты аямау қажет. Өзіміздің қазақтың ғалымдарын даярлайық. Сонда іс өнеді.

ҚАЗАҚ – ЕСЕПКЕ ЖҮЙРІК ХАЛЫҚ

Қазақ халқының есепке жүйріктігі рас. Мұны біз құр мақтайық деп айтып отырға-

дар көп болатын. Сонда кешкісін қойды өрістен күтіп алуға шығады. Бала-шаға, атасы – кім бар, әйтеуір бәрі жиналатын. Сол шақта шалдар бір-біріне есеп жасыратын. Қариялардың арасында мен де жүретінмін. Кейбір есептерін тез шешетінмін. Сонда үлкендер «мына бала математик болайын деп тұр екен» дейтін. Сол сөздер дем берген болар, шынында да, осы салаға бет бұрдық.

Қазақтың қара есептері дегенді естіп, біліп өстік. Байқасаңыз, көптеген ғұламалар ұлы даламыздан шыққан. Ол жағы бір бөлек тақырып.

ҒЫЛЫМ – ТАБЫС КӨЗІ

Дүниежүзінде ғылымның жетістігін пайдаланып келе жатқандар озады. Олар әлемнің қарыштап дамыған державаларына айналады. Ол үшін ғылымдағы жаңалықтарды қалт жібермеу керек. Қандай жаңа дүние шықты, соны бақылап, өз қажетімізге жаратсақ – ұтамыз.

Бізде бастары істейтін ғалымдар өте көп. Бірақ кейбірі ғылымда да, кәсіпкерлікте де қатар жүр. Ақша табудың жөні түсінікті ғой. Сондықтан ғылымда қаржы аз болса, әлбетте бастары жақсы істейтіндер коммерцияға кетеді. Олай бола беретін болса, тақыр жерге айналамыз.

Тек отандық ғылыммен отыра беруге болмайды. Онымен экономиканы дамыту қиынға соғады. Іргелі ғылымды дамытпай, алға жылжымаймыз. Экономикаға серпін іздесек, ғылымнан пайда түсірудің жолын іздейік.

ӨЗГЕРІС

Өзгеріс – жақсы ұғым. Оны жасайтын да адам. Ғылыми жаңалықты жасайтындар көбіне әскери саланың мамандары. Олар түрлі қару, байланыс құралдарын, неше түрлі техникаларды ойлап табады. Себебі, ол саладан ешқандай мемлекет қаражатты аямайды. Генералдары да әскердің қуатты болғанын қалайды. Өздеріңізге мәлім, ғаламтордың, компьютердің алғашқы белгілері осы әскерде орнады.

Әлемдегі геосаяси ахуал тұрақсыз. Алыптар бір-бірімен текетірес бола бергені дұрыс емес. Мұның соңы неге алып келетіні айдан анық. Қазіргі таңда барлық техникалық жүйелер автоматтандырылған. Дәлірек айтқанда, бір түймені басу арқылы алапат өзгеріс жасауға лайықталып істелген нәрселер бар. Соның ішінде жаппай қырып жоятын қаруды абайлау қажет. Егер біреу оны басып қалса, үлкен кесапатқа ұшыраймыз. Дүние бірнеше кезеңге артқа кетіп қалуы ғажап емес. Сондықтан мұнымен ойнамау қажет. Ғаламға жақсылық керек. Әркімнің де бір-бірімен соқтығыспай, тыныш ғұмыр кешуіне болады. Сонда әркімнің өз жолы болады.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

РОБОТТАРДЫҢ ДӘУРЕНІ ЖҮРГЕЛІ ТҮР


Ғалам мүлде басқаша кейіпке енді. Ғылыми технология қарыштап дамуда. Кешегі жаңалық бүгінге жарамай қалуы ықтимал. Ал ертеңгі не боларын ойлап болмайсыз. Сондықтан бүгінгі күндегі жетістіктер тандандыруда. Әсіресе, роботтардың жайы бір бөлек. Күн өткен сайын олар дамып жатыр. Жапония, Америка Құрама Штаттары, Оңтүстік Корея сынды т.б. дамыған елдерде роботтың неше атасы кездеседі. Алдағы уақытта роботтар жаппай қолданысқа енгелі тұр.

Адамның ақыл-ойы неше түрлі ғаламатты ойлап шығаруда. Мәселен, бір кісі өзінің ғұмырын сүрді. Бірақ қартайғанда оның тәні жарамсыздыққа ұшырады. Міне, сол уақытта оған «чип» орнатылса, оның барлық ғұмыр жолын, ойын соған көшіруге болады. Сөйтесіз де, әлгі «чипті» роботқа орнатсаңыз. Соның нәтижесінде робот адам сияқты тіл қатып, жауап беріп, тағы да басқа функцияларды жүзге асыра береді. Ал мұндай ғажайыпты бұрын-соңды ойламаған едік. Алдағы кезеңдерде бұл таңғалатын жаңалық болмауы да мүмкін.

Роботтар бүгіннің өзінде түрлі машина құрастыратын зауыттар мен фабрикаларда, асханаларда даяшы, тағы да сол сияқты қызметтерді атқаруда. Бәлкім, болашақта компьютерлік бағдарламалардың көмегімен түрлі-түрлі істерді жасайтын болады. Осы орайда, көптеген уайымдаушылық сұрақтар туындайды. Көпшілігі адамның қарым-қабілетінің азайып, керексіз күйге түсуінен қауіптенеді. Нәтижесінде, олай емес. Данышпан Абай айтпақшы, «есектің артын жуып, мал табуға» қай заманда да болады. Ең бастысы, еңбекқорлық керек. Сонда асығыңыз алшысынан түседі.

ӘЛЕМДІ САҚТАУ ҮШІН ӘР ТІЛДІ САҚТАУ КЕРЕК

Біздер жаһанда бір ғана тіл салтанат құрады деп ойлап отырмыз. Шындығында солай ма?! Әрине, олай емес. Уақыттың ағымына байланысты солай сезіледі. Дегенмен, ағылшын тілі де бір күндері өзінің орнын өзге тілге береді. Бұл жағына өмірдің өзі куә. Ағылшын тілі ешқашан да араб, қытай, түрік тілдерін жоя алмайды.



Өйткені, осы халықтардың артында алып державалар тұр. Бұл елдердегі халықтардың ғылымы, мәдениеті, тарихы оған мүмкіншілік бермейді. Бұл бір жағынан алып қарағанда, ақымақшылық.

Ғалымдардың айтуы бойынша, 10 миллионнан астам болған ұлт жойылмайды деседі. Шындығында, біздің тіліміздің келешегі зор. Құндылығы да тереңде жатыр. Күллі түркі жұртының түп-тамыры екені де тайға таңба басылғандай айқын. Кейбіреулер смартфон, гаджет, қала берді компьютерге ыңғайсыз деп көкіді. Ал ақиқатында, ғылыми технологияның қауқары мол. Сондықтан бұл тұстан келгенде ешқандай мәселе жоқ. Қайта өзіміз өз тіліміздің қолдану аясын күшейтіп, мықты тілдер қатарына қосудымыз қажет. Кез келген мекемеде, әрбір орталықта, ғылымда, т.б. жерлерде сұранысты арттыру керек.

Бұрын Кеңес Одағының құрамында болдық. Сол кезде егемен ел болуды аңсадық. Әсіресе, студент кезімізде тәуелсіздіктің ақ таңын көруді армандадық. Сонымен бірге, бір нәрсені шегелеп айтып кетуді де жөн санаймыз. Нақты ғылымдарға Scopus-қа мақала жариялау керек шығар. Өйткені, физиктер, математиктер әлемнің ғалымдарымен пікір таластыра алады. Ал гуманитарлық, қоғамдық бағыттағы ғылымдарға Scopus-қа мақала жариялауды міндеттеудің еш қажеті жоқ. Тағы бір айтатын жағдай, ол – баллон жүйесі. Осыған көшіп, бұрынғы дәстүрлі докторантураны жойғанымыз әбестік болды.





САУАЛНАМА

ҮЙДЕ АҚШАНЫ КІМ ҰСТАЙДЫ?

Сурет галлатордан алынды



Отбасы болған соң күнделікті тіршілігімізге, тұрмысымызға байланысты жұмсайтын түрлі шығынымыз болады. Сондықтан үйге кірген кірісті дұрыс, ретімен жұмсай білу де – үлкен өнер. Демек, отбасында кикілжің туындамай, ынтымақ-берекенің артуына ақшаның да әсері бар. Сондықтан отбасының ортақ табысын кім ұстағаны дұрыс? Ері ме, әлде әйелі ме?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«ЕСЕБІН СҰРАП ЖАТПАЙДЫ»

Сәния ЕСТЕМЕС,
үй шаруасындағы әйел:

– Мен баламен үйде отырған анамын. Күйеуім өзінің бір айдағы жеке қажеттіліктеріне жұмсайтын (көлігіне құятын жанармайы, темекісі, достарымен жүріп-тұруы дегендей) ақшасын алып қалады да, қалғанын маған ұстатады. Ол менен есебін сұрап жатпайды, менің ұқсатып жұмсайтынымға сенеді. Дегенмен, солай екен демеймін, алған заттарымды әсіресе, ірілеу көлемдегі бұйымдарды айтып отырамын. Ал азық-түлікке онсыз да бірге барамыз. Үш баламызға да «Отбасы банктен» депозит ашып қойғанбыз, қолыма кіріс түскен күні алдымен сол есепшоттарға аударамын, сосын коммуналдық төлемдерді төлеймін. Қарыз алмауға тырысамыз. Тойға да сол ақшадан шығарамыз. Ақша ұқыпты адамдарға бітеді дегенге өз басым сенемін.

АЛМАГҮЛ,
жас маман:

– Біздің табысымызды енем алады. Өмір бойы бухгалтер болған кісі. Бірақ өзімізге керекті ұсақ-түйек заттарға ақша алып қаламыз. Дегенмен де, өз тапқан ақшанды өзің ұстағанға не жетсін! Бірақ үлкен кісінің қалауына қарсы келе алмаймыз. «Сендер жас-сыңдар, мынадай қымбатшылық заманда ақшаны дұрыс ұстай алмайсыңдар», – дейді. Мүмкін.

«ТАБЫСКЕР ӘРІ КЕҢ БОЛҒАНЫ ЖАҚСЫ»

БҮЛБҮЛ,
жеке кәсіпкер:

– Бізде әркім өз табысын өзі ұстайды. Күйеуімнің астында машина, тамақты толтырып әкеп қояды. Ал күнделікті керек-жарақты қайсысымыз үлгерсек, сол ала келеміз. «Сен қанша тауып жатсың» деп бір-бірімізден сұрамайды екенбіз. Үйдің бір жерін жөндеу керек болып жатса, өзі сатып әкеліп істей береді. Ал мен бір әдемі люстра көре қалсам, өзім сатып әкеле беремін. Кейде күйеуіме көрсетпей бірінші некемнен туған қызыма қомақты ақша беріп қоятыным да бар, онсыз бола ма?! Сосын күйеуімнің бірінші некедегі ұлы бізге қонаққа келсе, үстіне алдын ала сатып алып қойған әдемі жейдемді немесе сәнді футболка кигізіп жіберемін. Қымбат киім алатын болсақ, ақшамыз жеткіліксіз тұрса, бір-бірімізге төлей саламыз, есептесіп жатпаймыз. Бізде ақшаға байланысты ешқашан кикілжің болмапты. Ол үшін еріңнің табыскер әрі кең болғаны дұрыс шығар деп ойлаймын.

ТАЛАСБЕК,
қала тұрғыны:

– Миы бар адам ұстағаны дұрыс ақшаны. Бізде мен ұстаймын. Әйелім шашып жібереді, киімқұмар. Қалтасындағы ақшаны бітпейтіндей көріп, ойланбастан кез келген ұсақ-түйекке жұмсай береді. Қазір балалардың қосымша құрстарының құны да қымбаттап кетті. Бір отбасына бір үнемшіл адам керек деп ойлаймын. Ақшаны әйел, еркек деп емес, ақылды, ұқыпты адам ұстап, басқарып отыруы керек деп бөлген дұрыс шығар.

«ҚАДАҒАЛАУ БОЛУ КЕРЕК»

Таңжарық СЕЙДЕШ,
таксист:

– Әйелмен базарға барған қиямет қой, шыны керек. Бір кірсе шығуы қиын олардың. Сондықтан барлық тапқанымды соған ұстатамын. Басымды ауыртқым келмейді. Өйткені, түздің басқа да проблемалары да жетеді менде. Бірақ үйдегі жалғыз табыскер өзім болғандықтан, есебін сұрап отырамын. Үш ұлымыз бар, бәрімізге жетуі керек. Қадағалау болмаса, мына заманда тапқаның жетпей қалуы да мүмкін.

Динара ӘЛІМЕШ,
сатушы:

– Мамандығым бойынша жұмыс істеуге жүрексіндім, баламен отырып әбден қарайып қалған сияқтымын. Содан күйеуім дүкен ашып берген, сонда сауда жасаймын. Бірақ есебін өзі жүргізіп отырады. Жас күнінен өзі

ақша ұстап үйреніп қалғандықтан, солай деп шешті. Тауарды да өзі әкеп береді. Мен ақша ұстамадым деп тіпті ренжімеймін. Осы өмірім ұнайды. Балаларымыз тоқ, әдемі киімдерден қалып жатқанымыз жоқ, тойға да барып жатырмыз, одан артық не керек?! Кейде ойлаймын, ақшадан да биік құндылықтар бар, солардан аласарып кетпесек болғаны деп.

«ЕРКЕК – МАЛ ТАБУШЫ, ӘЙЕЛ – ҰҚСАТУШЫ»

Жадыра БУРАХАН,
қала тұрғыны:

– Отбасылық бюджетті әйел адам басқарғаны дұрыс деп есептеймін. Үйде тұздың, сіркенің таусылғанын еркек емес, әйел біледі ғой. Соған орай әйел де орын-орнымен, ұқсатып жұмсауы керек деп ойлаймын. Қазан-ошаққа араласып жүретін еркекті ұнатпаймын. Еркек – мал табушы, ал әйел соны ұқсатушы болуы керек. Күйеуім ақшасын маған береді. Біз бірінші кезекте азық-түлігімізді сатып алып, алған қарыздарымызды қайтарып отырамыз. Әйел адам ақшаны үнемдеп жұмсайды деп ойлаймын.

Болат СӨРСЕК,
жас ұстаз:

– Келіншегім екеуіміздің жалақымыз бірдей. Екеуіміз табысымызды қосамыз да, тең бөліп жұмсаймыз кез келген нәрсеге. Барлық нәрсені ақылдасып, ойласып шешеміз. Бір отбасы болған соң біреу көлге, біреу шөлге тартпай, бірге ойласып отырса, ақшаны есеппен жұмсаса, ешкім де таршылық көрмейді деп санаймын.

КЕРЕК КЕҢЕС

ТІЗІМ ЖАСАП АЛЫҢЫЗ

- Психологтар отбасында қаржыны сауатты жұмсай білуді бала кезден үйренген дұрыс деп есептейді.
- Дүкенге барарда барлық қажетті заттың тізімін жасап, бағасын жазып, қанша қаражат жұмсау керектігін есептеп алыңыз. Тізімде жоқ заттарды алмаңыз.
- Дүкенде заттарды салатын үлкен жүк арбасын емес, шағын себеттерді пайдаланыңыз.
- Үлкен жеңілдік (акция) берілген заттарға көңіл аудармаңыз. Себебі, оның сақтау мерзімі өтіп кеткен болуы мүмкін.
- Кассаға жақын жердегі витринаға назар аудармаңыз, өйткені ондай жерде түрлі тәттілер мен шоколадтар және сағыздар тұрады.
- Алыс жер болмаса, жаяу жүріп баруды әдетке айналдырыңыз, жеке көлігіңіздің жанармайын үнемдеңіз. Газ, жарық, суды да үнемдеп пайдаланыңыз.
- Табысыңыздың 10–15 пайызын «күтпеген жағдай» үшін сақтап отырған абзал.
- Кірістің 20 пайызын депозитке салуды әдетке айналдырыңыз, ұтылмайсыз.

ДӘСТҮР



«КӨП ЖАСА, БАЛАМ!»

немесе қолға су құю әдебі

Ауылда. Көршіміз ата-бабасының рухына Құран бағыштап, ас беріп жатыр. Келген кісілер есік көзіне қойылған қол жуғышқа қолдарын жуып, сүртіп, ішке кіріп кетіп жатыр. Қазір заман басқа десек те, үлкендердің еңкейіп, өз бетінше қол жуып жатқаны көзіме қораш көрінгені.

Бала күнім еске түсті сосын. Үйге қонақ шақырғанда аулада жылы су құйылған құмандар тізіліп тұратын. Ұлдар жағы иығына сүлгі іліп, сол қолына шылапшын, оң қолына құман ұстап, үйге келген үлкен кісілердің қолына су құюға, батасын алуға таласып жататын. Иә, қолға су құю – үлкен мәртебе саналатын. «Оң жақтан бастап құй», «Бата берген мына атаң, осы кісіден баста» деп төрдегі қарияны меңзеп жататын. Суды сарылдатып тез құюға да, сыздықтып тым аз тамызуға да болмайды. Әдепсіздікке жатады. Мөлшермен, үзіп-үзіп құю керек. Құманның шүмегі міндетті түрде бір қолыңмен демеп ұстап тұрасың, су құю әдебі солай. Асықпай қолын жуып болған соң кей кісілер жанқалтасынан бәкісін алып, оның өткір жүзін де шайып алады. Өйткені, қазір үлкен ас келгенде ет тұрайды ғой. Ал қариялар «Үлкен жігіт бол!», «Көп жаса!», «Бақытты бол!», «Қатарыңның алды бол!» деп ілтипатын білдіріп жататын. Ер балалар су құйып, шәй тасып жүріп ауыл ақсақалдарының өнегелі әңгімелерін естіп, санасына токи беретін болған.

Қолға су құю дәстүрі аңыз бойынша Сүлеймен пайғамбардан қалған деседі.

Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айырылған соң қайғырып жатып қалады. Алла оны жұбату үшін тағы бір ұл сыйлайды. Дәуіт ұлды болардың қарсаңында Жебірейіл періште келеді.

– Әй, Дәуіт! Ұлық Алла саған бір ұл нәсіп етеді. Бірақ шарты сол: ол баланың қызығын тоғыз жыл ғана көресің. Осыған ризасың ба? – дейді. Дәуіт: «Жаппар иемнің әміріне не қылса да ризамын», – деп келіседі.

Көп ұзамай Дәуіт ұлды болып, есімін Сүлеймен қояды. Дәуіт патша болғандықтан, оның сарайына күн сайын жүздеген адам қонаққа келеді екен. Сол кезде 7 жасар Сүлейменді бір қолына құман, бір қолына сүлгі ұстатып, сарайдың алдында қызметке қояды. Бала күні бойы кірген-шыққан қонақтардың қолына су құйып, алғысын алады. Оның адал қызметіне риза болған қонақтар «Ғұмыр жасың ұзақ болсын!», «Басыңнан бақ, астыңнан тақ кетпесін!», «Әділ патша бол!», «Дұшпаныңа қатал, досыңа адал бол!», «Ғалым бол!», – деген сынды тілектер айтып, бата береді екен. Арада он бес жыл өтеді. Сүлейменнің бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайып, азамат болып ер жетеді.

Бір күні Дәуіт Аллаға:

– Иә, Алла, маған ұлының қызығын тоғыз жыл ғана көресің деп едің. Бұл не хикмет? – деп сұрайды. Сонда Алла:

– Рас айтасың. Сүлейменнің пешенесіне тоғыз жылдық ғұмыр жаздым. Бірақ зерек ұлын қонаққа қызмет студент шаршамады. Ақсақалдардың батасын алуға құмар болды. Күн сайын адамдар оған менің 99 есімімді айтып, шын жүректен алғыс жаудырып, батасын береді. Көптің алғысымен оның ғұмыр жасы ұзарды. Менің бір есімім – Халық. Халықтың тілегін қабыл етпеу ұлықтығыма сын болар. Бүгіннен бастап Сүлейменге 99 түрлі мұғжиза берем. Жердегі бүкіл тау-тас, аң-құс, 18 мың ғаламға патша қыламын, – дейді. Содан бастап Сүлейменге дарымаған керемет қалмапты деседі.

Сөйтіп, «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген тәмсіл сөз Сүлейменнен қалған екен деседі.

Баталы болғанға не жетсін!

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
1 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия.
Дайджест
9.30 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка,
1001 түн, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Келіндер»
19 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Мультфильм
16.00 Женский кино клуб.
«Наследница
поневоле» 1-2 серия
18.00 Социальное ток-шоу
«Шешімі бар»
19.00 Қорытынды
жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.15 Телехикая.
«Мұрагерлер» 14 серия
21.45 Телехикая. «Егіз ғұмыр»
1 бөлім
22.45 Мужской сериал. «Брат
за брата» 1 серия
23.45 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
0.45 Басты назарда
(қайталау)
1.10 Шешімі бар
1.55 Сәуле-ғұмыр
2.35 Өмір иірімі
3.15 Дала сазы
3.40 Алматинские истории
4.05 Алматинские каникулы
4.20 Алматы тұнған тарих
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Теледәрігер»
7.30 «Másele». Әлеуметтік-
сараптамалық
бағдарлама.
8.10 «Көңіл толқыны»
9.25 «Жібек». Мультхикая.
10.00 AQPAPAT
10.10 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая.
12.00 «Ауыл мұғалімі».
Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
14.00 «Әйел әлемі»
14.35 «Ауылдастар»
15.05 «Жүзден жүйрік»
16.00 «БАҚЫТСЫЗДАР
БАҒЫ». Телехикая.
17.15 Дисней ұсынады.
«САҚШЫ АРЫСТАН».
Мультхикая.
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.30 «Ауыл мұғалімі».
Телехикая.
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «Егіз лебіз»
1.10 AQPAPAT
1.40 «Теледәрігер»
2.30 «Әйел әлемі»
3.00 «Ауылдастар»
3.25 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Давай
найдем друг друга»
7.00 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «Оян!»
10.00 Мегахит. «Тактическая
сила»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Телехикая.
«Пәленшеевтер 2»
13.00 Новости
13.10 Телехикая. «Бөрі»
15.00 «Алтыбақан»
16.00 Телесериал. «Давай
найдем друг друга»

18.00 Мегахит. «Отряд
Фокстрот»
20.00 Қорытынды
жаңалықтар
20.30 Деректі фильм.
«Ұлттық құрылтай»
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая.
«Келінжан 3»
22.30 Телехикая. «Бөрі»
0.00 Телехикая. «Егіз жүрек»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 «Жазықсыз жандар»
деректі фильм
07.00 Ризамын
07.30 «31 әзіл»
08.30 Үнді сериалы
«Ханшайым»
09.30 «Зейнеп» түрік
телехикаясы (қайталау)
10.30 Мультсериал «Маша и
медведь»
11.20 Т/сериал «Отель
Элеон» (повтор)
12.30 Т/сериал «Отель
Элеон»
13.30 КИНО. Милла Йовович
в боевике «Обитель
зла 2. Апокалипсис»
(повтор)
15.30 КИНО. Джеки Чан в
комедийном боевике
«Молодой мастер»
(повтор)
18.00 КИНО. Джеки Чан в
комедийном боевике
«Проект А»
20.00 Информбюро
(русс./каз.)
21.00 «Зейнеп» түрік
телехикаясы
21.55 КИНО. Стивен
Сигал в комедийной
мелодраме
«Иностранец 2. чёрный
рассвет»
00.00 Үнді сериалы
«Ханшайым»
(қайталау)
01.00 What's up
02.00 Сериал
«Базарбаевтар»
02.40 Әзіл студия
03.30 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТАМАША CITY»
бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,
ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО,
КАЗАХСТАН!»
10.05 «БЕРЕЗОВАЯ РОЩА».
Многосерийный фильм
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «БАСТЫ
ЖАҢАЛЫҚТАР»
СУБТИТРЛЕРМЕН
19.00 «KOREMIZ»
бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Дмитрий Паламарчук,
Михаил Тарабукин,
Сергей Паршин,
Данила Якушев, Сергей
Жарков, Алексей Нилов
в многосерийном
фильме
«РЕАЛИЗАЦИЯ 2»
Ночной кинотеатр.
«УЗКИЙ МОСТ»
2.00 «НОВОСТИ»
2.15 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.15 «ТАМАША CITY»
бағдарламасы
4.00 «БАСТЫ
ЖАҢАЛЫҚТАР»

4.25 «П@УТИНА»
бағдарламасы
5.10 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 05.35



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 ОЯН, QAZAQSTAN
Music
07.20 Т/х «Арам ақша.
Адал махаббат»
08.20 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00 Шоу «Маска»
11.00 Х/с «Балабол»
13.20 Т/х «Тақиясыз періште»
14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
14.40 Т/х «Жараланған
жүректер» Тұсаукесер!
15.40 Т/с «Гадалка»
16.10 Х/с «Полицейский с
Рублевки»
17.20 Х/с «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 Вечерняя программа
«Студия 7»
19.30 Х/с «Балабол»
22.00 Т/х «Жараланған
жүректер»
23.00 Т/х «Аяла мені»
23.50 Х/с «Полицейский с
Рублевки»
01.00 Шоу «Маска»
02.30 ОЯН, QAZAQSTAN
Music
03.00 Т/п «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы
07.35 «ЖИМАУДЫҢ
ЖЕТИСТІГІ», қытай
телехикаясы
08.20 «AQ МАМА»,
реалити-шоу
09.25 «ЧУМА», криминальная
драма (худ.сериал)
11.20 «СЛЕДУЯ ЗА
СЕРДЦЕМ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
15.00 «КӨРІПКЕЛ»
15.50 «САОДАТ», өзбек
телехикаясы. С
субтитрами на русском
17.30 «ҚАРА ГҮЛДЕР»,
өзбек телехикаясы.
Тұсаукесер! С
субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»,
ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ШЕФ»,
остросюжетный
детектив. В ролях:
Андрей Чубченко,
Кирилл Полухин
(худ.сериал)
23.40 «КУРОРТ ЦВЕТА
ХАКИ», криминальный
детектив. В ролях:
Даниил Страхов, Анна
Казюциц, Александр
Гришин. Премьера!
(худ.сериал)
01.30 «ИГРА. РЕВАНШ»,
остросюжетный
детектив (повтор)
(худ.сериал)
02.10 «САОДАТ», өзбек
телехикаясы (қайталау)
03.15 «КӨРІПКЕЛ»
(қайталау)
04.00-
04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. ОЛИМПЕТ-
Қазақстан Кубогы.
«Ақсу» – «Қайрат»
09.10 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
мен Конференция
Лигасының журналы

10.00 ДНЕВНИК. «SUPER
BOL!». 16 выпуск
10.20 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Алтай-2» –
«Жетісу-2» (Әйелдер).
1 тур
12.50 «PRO HOCKEY»
1 выпуск
13.25 Көркем гимнастикадан
ҚР Чемпионаты. 1-күн
16.25 «SUPER BOL!».
4 выпуск
17.20 «Боз кілемге барын
салған». А.Кебіспаев.
Деректі фильм
17.55 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».
2 сезон. 3 выпуск
18.20 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Маңғыстау» –
«Есіл» (Ерлер). 1 тур
20.25 «SPORT REVIEW».
Апталық-сараптамалық
бағдарламасы
21.05 «PRO HOCKEY»
1 шығарылым
21.40 ДНЕВНИК. «SUPER
BOL!». 16 выпуск
22.00 ММА «ОCTAGON 31»
01.40 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының шолуы
02.30 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Балапан және оның
достары»
7.50 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
8.10 «Қайсар автобус»
Мультхикая.
8.40 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
8.55 «Сырлы әлемге саяхат»
Мультхикая.
9.20 Анимация. Отандық /
«Тәп-тәтті хикая»
9.50 Анимация. Отандық /
«Айдар»
10.25 «Маймылдар мекені»
Мультхикая.
10.50 «Адал достар»
Мультхикая.
11.05 «Qaitaliyq» спорттық
бағдарлама
11.15 «Турбозаврлар»
Мультхикая.
11.40 Анимация. Отандық /
«Балақайлар»
12.00 «Теңбіл доп» телехикая.
12.40 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
12.45 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
13.05 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
13.15 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
13.25 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
13.50 «Үйрен де, жирен!»
танымдық бағдарлама
14.05 «А4» ситком.
14.30 Анимация. Отандық /
«Алпамыс»
14.40 Анимация. Отандық /
«Балапан және оның
достары»
15.25 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Теледәрігер»
7.30 «Зинһар»
8.05 «Көңіл толқыны»
8.30 Дисней ұсынады. «Ойыншықтар хикаясы 2». Мультфильм (АҚШ, 1999 ж.)
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12.00 «Рақмет саған, туған ел!». «МузАрт» ансамблінің концертті
13.15 «Титаник». Көркем фильм (АҚШ, Мексика, Австралия, Канада, 1997 ж.)
16.30 «АҢЫЗ БОЛ. КІШІ БИГФУТ». Мультфильм (Бельгия, Франция, АҚШ, 2017 ж.)
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20.00 «ТІРШІЛІК»
20.35 «Атамекен» Ескендір Хасанғалиевті еске алу кеші
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (с субтитрами)
23.30 «Әзіл әлемі».
1.10 «Теледәрігер»
2.00 «Зинһар»
2.45 «Тіршілік»
3.15 «Ауылдастар»
3.40 Әнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Акваполи»
7.00 Телехикая марафоны. «Көршілер»
9.00 Концерт. «Жұлдыздар құттықтайды»
11.00 Кино. «Кенже»
12.45 Телехикая марафоны. «Бәсеке»
16.00 Телесериал. «Акваполи»
18.00 Мегахит. «Полночь на злаковом поле»
20.00 «Aitystar»
22.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
23.00 Телехикая. «Бақталас»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»

- 08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Ералаш
10.30 Мультсериал «Маша и медведь»
11.00 Анимационный фильм «Приключения Тинтина. Тайна Единорога»
13.30 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски» (повтор)
15.40 КИНО. Адам Сэндлер в фантастической комедии «Пиксели» (повтор)
17.50 КИНО. Алисия Викандер в приключенческом боевике «Tomb Raider. Лара Крофт» (повтор)
20.20 КИНО. Тейлор Расселл в триллере «Клаустрофобы»
22.20 «Алдараспан»
01.00 КИНО. «Мерген» (қайталау)
02.40 Тамаша live
03.30 What's up?
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7.55 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 «ТЕЩИНЫ БЛИНЫ». Многосерийный фильм
12.50 Игорь Петренко, Эльвира Болгова в многосерийном фильме «ПАПА НАПРОКАТ»
16.50 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы
18.00 «П@УТИНА+» бағдарламасы
18.55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
20.30 Юрий Колокольников, Настя Задорожная в многосерийном фильме «БЕСЦЕННАЯ ЛЮБОВЬ»
0.45 «ТРИ АККОРДА»
2.30 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4.45 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ» бағдарламасы
До 5.45

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Алишер Каримов «15 жыл сахнада»
09.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
11.10 Х/ф «Сила стихии»
13.10 Скetchком «Q-елі»
15.20 Ернар Айдардың Қазақтың жігіттері
17.40 Шоу «Один в один»
21.00 Х/с «Все будет хорошо»
01.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
03.00 Алишер Каримов «15 жыл сахнада»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ШӘМШІ ӨНДЕРІНІҢ КЕШІ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу

- 09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «БУДЬ ЧТО БУДЕТ», мелодрама (повтор) (худ. сериал)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу
19.00 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ», Төреғали Төреәлінің ән-шашуы
21.00 «НАРИСУЙ МНЕ МАМУ», мелодрама. В ролях: Елена Шилова, Всеволод Болдин (худ. сериал)
00.40 «ОДИНОЧКА», остросюжетный детектив (худ. сериал)
02.10 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Швейцария – Португалия
09.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
09.35 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 2 сезон. 7 выпуск
10.00 ДЗЮДО. Азия Чемпионаты. Квалификация. Командалық жарыс. Тікелей эфир
14.30 «SUPER BOL!». 4 выпуск
15.25 Деректі фильм
16.00 ДЗЮДО. Азия Чемпионаты. Финал. Командалық жарыс. Тікелей эфир
17.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Кубогы. «Қызыл-Жар СК» – «Каспий». Тікелей эфир
20.00 ФУТБОЛ. «Super Bol!» – Қазақстан құрамасының аңыздары. Тікелей эфир
22.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
22.25 «SUPER BOL!». 4 выпуск
23.20 «PRO HOCKEY» 1 шығарылым
23.55 «АЛАМАН». 3 бағдарлама
00.15 Әнұран

BALAPAN BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.

- 8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 Тұсаукесер! Көңілді құндыз» Мультхикая.
8.45 «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайыс
10.00 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.15 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
11.55 «Айгөлек» музыкалық бағдарлама
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком
12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 «Тентек» телехикая.
13.55 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайыс
14.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Менің елім»
15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Глобус»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере» ситком
16.25 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
18.35 «Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.05 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
19.50 Тұсаукесер! Көңілді құндыз» Мультхикая.
20.05 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
20.25 «Тентек» телехикая.

- 20.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Айгөлек» музыкалық бағдарлама
23.35 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.30 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «Күлпаштың хикаялары» сериал
15.10 «Алдараспан»
19.40 «Тік-Ток хаус» телехикаясы
21.00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23.35 «Я – Жених» худ. фильм
01.40 «Тік-Ток хаус» телехикаясы
02.50 «Үздік әзілдер»

TALIM TV TALIMTV

- 07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Саулықтың сыры
15.00 «Дода» – Художественный фильм
17.00 «Ұлттық спорт»
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Бейсен Құранбек
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style



«Бақталас». Телехикая.
«Хабар» арнасы. Сағат 23.00-де.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

АНТАРКТИДАҒА БАРҒАН ҚАЗАҚ

Данабек Бименов – Қазақстанның Құрметті журналисі. Қазақстан Журналистер Одағының «Үздік репортерлік жұмыс» аталымындағы сыйлықтың лауреаты, халықаралық және республикалық шығармашылық байқаулардың бірнеше мәрте жеңімпазы. Данабек – 10 жылдан астам уақыт Би-Би-Си телерадиохабар тарату корпорациясының репортері, «Азаттықтың» журналисі, КазТАГ ХАА қазақ редакциясының басшысы қызметтерін атқарып, өмірінің соңында Almaty-akshamy.kz сайтында жұмыс істеді. Журналистикаға арнаған өзінің саналы ғұмырында сан салалы тақырыпты қаузаған Данабек Бименов зор шығармашылық әлеуетімен, қарымды қабілетімен отандық медианы дамытуға өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Негізгі мамандығы физик болғанымен, кейінгі таңдаған кәсібін құлай сүйген азаматтың журналистикаға берері әлі де мол еді. Амал нешік! Енді міне, қазақ журналистерінің арасынан алғашқылардың қатарында халықаралық журналистикада қалам тербеген абзал азаматтың өмірден озғанына жыл толды.



Тәуелсіздіктің бастапқы жылдары барлық салада десе де болғандай, бұрын-соңды елімізде болмаған жаңалықтар орын алып жатты. Солардың қатарында, 1996 жылы Дүниежүзілік Би-Би-Си қызметі елімізде алғаш рет қазақ тілінде хабар тарата бастағаны белгілі. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның журналистикасы үшін үлкен жаңалықтың бірі ретінде қабылданды. Оған маман қабылдау талаптары аса қатал екені жайында әңгіме журналистер арасында сол тұстары жиі айтылып жүрді.

«Кімдер өтер екен? Кімдер өтіпті?». Әрине, осынау сауалдың түйіні қойылғанша, бір-бірімізден әңгіме арасында, бір рет болса да сұрауды әсте естен шығарған емеспіз. КазГУ-дің (қазіргі ҚазҰУ) қабырғасындағы студент шақтарда ұстазымыз, профессор Тауман Амандосовтың ақпарат әлеміндегі ең ірі алпауыттарға шолу жасап, әсіресе Би-Би-Си корпорациясының жұмысына ерекше мән бергені жадыда жатталып қалғаны соншалық, онда қызметке өзгелерден ерекше адам алынады деген нық сенімде едім.

Күндердің күнінде, физик Данабек Бименовтің Дүниежүзілік Би-Би-Си-телерадиоха-

бар тарату корпорациясының Қазақстандағы қазақ бөліміне қызметке қабылданғанын естігенімде, тіпті де таңқалған жоқпын. Сенімім алдамапты.

«Қаптаған журналистер тұрғанда, физик өтіпті. Бәлкім, ағылшыны жақсы шығар» деп, ішінара күмән келтірушілер де табылып жатты.

Таңғалмауымның да өз себебі бар. Менің КазГУ-дің физика факультетінің түлегі Данабек Бименовпен таныстығым өткен ғасырдың 80-жылдарынан басталған болатын. Сол тұста Қазақ телевизиясының «Қазақстан» ақпарат редакциясында редактор қызметінде едім. Ұжымдағы журналистер күні-түні мүмкіндігінше елді елең еткізетін, ағымдағы күн сайын қайталана беретін ұқсас жаңалықтардан гөрі қызықты, тосын ақпарат табуға тырысып, тынбай ізденуші едік. Ол кезде қазіргідей дап-дайын ақпаратты қажет кезінде ұсына салатын интернет деген атауымен жоқ. Содан Данабек туралы ести сала, тездетіп техникаға тапсырыс беріп, сюжет жасауға бел будым.

Біздің замандастарымыз не жасаса да, не туралы айтса да, бірінші кезекте көрермені

үшін қызмет етті. Көрермені өнеге тұтар, ұрпағына үлгі боларлық кейіпкерлер туралы әңгімелеп, сол арқылы көрерменнің жақсылыққа ұмтылдыруға жетеледі.

Сонымен, Антарктиданың «Мирный» станциясындағы ғылыми-зерттеу экспедициясының құрамында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысқан тұңғыш қазақ жігіті туралы шамалы жұрт қана емес, қалың қазақ білсін деген ой жетегінде, сәтін салған күні КазГУ-дің физика факультетіне шығармашылық топ сюжет жасауға бардық.

Антарктидаға кез келген жанның жолы оңай түспейтіні алғашқы пікір алмасудан-ақ белгілі болды. Антарктиданы бір көрсем деп армандаған мыңдаған үміткерлер арасынан сан сынақтан сүрінбей өткендер бас қосқан ортада, ойлағанды орындауға мүмкіндік туғаны қандай ғажап десеңізші! Бұл дегеніңіз, екінші біріне бұйыра бермейтін бақыт қой. Керек десеңіз, ауылдан шыққан қарапайым қазақ баласының жолы мәңгілік мұзға оранған мекенге екінші рет түсуі де көп нәрсені аңғартса керек. 90-жылдары елімізге төнген ауырталық ғылыми салаға да оңай соқпағаны анық. Сол тұста ғылыми жұмыс-

тарын кері шегеріп, журналистикаға ден қоймағанда, Данабектің физика саласында маңдайы жарқыраған ірі ғалымның біріне айналары даусыз еді.

Жалпы, Данабек жақсылық жасауға ұмтылып тұратын, содан өзі ләззат алатын рухы асқақ, пейілі кең, пендешіліктен ада, жүрегі таза, нағыз Адам еді. Әпкесі қайтыс болып, оның артында қалған, әлі көмелетке толмаған ұлы мен қызын өзі қарауына алып, жоғары білім әперіп, қамқорлық танытқаны жеке әңгіменің арқауы. Оларға пәтер алып, жеке шаңырақ етіп шығарған күні «енді мен ана жақта алаңсыз жатамын. Балалардың өз баспанасы бар» деп, үстінен ауыр жүк түскендей, бір жеңілдеп қалған-ды дейді жары, журналист Бахора Низамеддин әңгіме арасында.

Ал енді бауырлары Асқарбек, Бердібек, Шахтыбектердің айтуынша, ол мектепте өте жақсы оқыпты. Өте көпшіл, бауырмал Данабек келе жатыр дегенде, алдынан қарсы алуға үлкен-кіші түгел барып, шығарып саларда да бәрі бір кісідей аттандырыпты. Күй шерткенді ұнатады екен. Қолынан кітабы түспейтін алғыр оқушыны Жамбыл облысы, Талас ауданы, Тамды орта мектебінің ұжымы Қаратау қаласындағы мектеп-интернатқа орналастырса, қаратаулықтар дарынды оқушыны Алматыдағы Жәутіков атындағы физика-математика мектебіне аттандырады.

Абдулла Шәменов, досы: – Данабекпен 1969 жылы Алматыдағы физика-математика мектебінде таныстым. Ол сегіз қырлы, бір сырлы жігіт болатын. Бірде костюміме тағылған значокті шешем деп жатып, жаға тұсын жырттып алдым. «Енді не істеймін» деп, абдырап қалған менің қолымнан костюмді алды да, бөлмеге келіп, жымын білдірмей тігіп бергені. Әрі соған қатысты қажетті заттар түгелдей өзінен табылды. Таңқалдым, оның соншама ұқыптылығына. Қолынан келмейтіні жоқ. Сабырлы, салмақты. Көркем мінездің иесі. Достасып кеттік.

Физиканы қатты жақсы көрді, неше түрлі кітаптарды алдырып оқып жүретін. Мен де оның айтуымен біраз кітапты оқыдым. Кейін баламды оқуға Алматыға физика факультетіне алып келдім. Данабек КазГУ-дің жатақханасының бір бөлмесінде жатады. Соған отбасымызбен көшіп алдық. Өте пейілі кең ғой. Еш ауырсынған жоқ. Данабек жақсылық жасаудан жалықпайтын, жасаған жақсылығын еш міндетсімейтін. Ондай адамдар қазіргі таңда сирек қой.

Ұлбосын АЙТӨЛЕН,
«Құрмет» орденінің иегері.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



БІЗГЕ ҚОНАҚ КЕЛДІ

Алматы төріндегі «Қазақфильм» киностудиясына корейлық «Big ocean entertainment» кинокомпаниясының өкілдері арнайы келді. Аталған компания – сериалдар, фильмдер мен музыкалық контенттердің ірі өндірушісі.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Біздің отандық фильмдеріміз корей кинофестивальдеріне белсенді қатысады. Киноиндустрияда алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне сүйену – үлкен мектеп. Сондықтан екі елдің достық қарым-қатынасын дамыта отырып, бірлескен жобаларды қолға алуға әрдайым пейілдіміз», – деді Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ президенті А.Сатаев.

Ал өз кезегінде «Big ocean entertainment» кинокомпаниясының өкілі Корейның Қазақстанмен киноиндустрия саласында ынтымақтастыққа мүдделі екенін жеткізді. «Күзде біз Қазақстанда конференция өткізгіміз келеді. Киноиндустрияның танымал өкілдерін шақырып,

біздің киноиндустриямызды жақынырақ таныстырсақ дейміз. Сондай-ақ қазақстандық тәжірибені зерттеу де біз үшін маңызды. Өндірісте тәжірибе алмасу мүмкіндігін қарастырамыз. Бізге Қазақстандағы локацияны жандандыру жоспары өте қызықты. Сонымен қатар, сіздің отандық актерлеріңізбен Қазақстанда корей фильмінің ремейкасын түсіруді ұсынамыз», – деді «Big ocean entertainment» корей кинокомпаниясының басқарма төрағасы Хван Донг Соб.

Кездесу барысында «Қазақфильм» қызметкерлері шетелдік кино мамандарына павильондарды аралатып, анимациялық кешенді көрсетті. Долби-залы мен шоу-рилге экскурсия ұйымдастырды. Сонымен қатар, жаңа форматтағы «Медиа және кино мектебінің» жұмысымен таныстырды.

КИНОКЕҢІСТІК

БІР АУЫЛДЫҢ ОҚИҒАСЫ

Әділхан Ержановтың нуар жанрында түсірілген «Голиаф» атты жаңа көркем фильмі тамыздың 31-і мен қыркүйектің 10-ы аралығында Лидо аралында өтетін 79-шы Халықаралық Венеция кинофестивалінің Orizzonti Extra («Жаңа көкжиектер») бағдарламасына қатысады.



Orizzonti Extra бағдарламасы кино әлеміне жаңалық алып келген фильмдерді көрсетіп қана қоймай, әлемге жаңа режиссерлерді таныстырады. Фестиваль ұйымдастырушылары биыл бұл байқау шеңберінде 7 фильм қатысатынын айтып отыр.

«Қазақфильм» киностудиясының қатысуымен қазақстандық Short brothers және Changepoint кинокомпаниялары және ресейлік All Media (a START Company) мен «Форест-Фильм» компаниялары бірлесіп түсірген кинотуындының оқиғасы Қаратас ауылында өрбиді. Ауылға қатал да ұрдажық мінезімен белгілі Бөлеген деген жігіт Қаратас тұрғындарын уысында һәм үрейде ұстайды. Ол елді баспанамен қамтамасыз етіп, жұмыс та тауып беріп отырады. Бірақ бетіне келген адамды оңдырмайды. Күнін ерөң көріп отырған Арзудың да басына таяқтың бір ұшы тиіп, оған шыдамай кеткен келіншегі Қаратас ауылындағы осындай бассыздық

туралы полицияға жеткізбек болып, отбасын қатерге тігеді...

– «Голиаф» фильмінде биліктің табиғаты мен адамдардың бағыну, тәуелділік сынды мінездері зерттеледі. Кек алу идеясы, үлкен адам мен кішкентай адам арасындағы текетірес туралы сюжет бұрыннан бері ойымда жүретін. Фильмде осы мәселелерді көтеруге тырыстым. Картинада арт пен жанр арасындағы көзге көрінбейтін өзіндік байланыс бар, бұны бәлкім кейбіреулер алғашында қабылдай алмай қалуы да мүмкін, алайда жоғары бағалайтындыр болады деген сенімім де жоқ емес, – дейді фильмінің режиссері әрі сценарий авторы Әділхан Ержанов.

Басты рөлдерге қазақстандық белгілі актерлер – Берік Айтжанов, Данияр Алшынов, Альмира Тұрсын және Еркен Губашев түскен фильмінің түсіру жұмыстары былтыр жаз айында Алматы төңірегінде өткен еді. Тақырыпқа орай айта кетсек, Әділхан Ержановтың бұдан

бұрынғы «Сары мысық» фильмі 77-ші Венеция кинофестивалінің «Көкжиектер» бағдарламасына қатысқан болатын. Одан бөлек, кинотуынды көптеген фестивальге қатысып, «Үздік фильм», «Үздік режиссер», «Сценарийдің ерекшелігі үшін» жүлделерімен марапатталып, былтыр Қазақстан атынан «Шетелдің үздік фильмі» номинациясы бойынша «Оскар» жүлдесіне ұсынылған болатын.

Бұған дейін де Әділхан Ержановтың фильмдері Канн, Локарно, Роттердам, Брюг, Стокгольм, Пусан сынды беделді фестивальдер шеңберінде көрсетіліп, жоғары баға алған. Ол – 2019 жылы «Қап-қара адам» картинасы үшін Asia Pacific Screen Awards (азиялық «Оскар» дәрежесі) деген беделді жүлдеге қол жеткізген қазақстандық алғашқы режиссер.

Бұл жолы да отандық суреткердің табысқа жетеріне сенеміз.

Нұр ЖАМАЛ.



ТУҒАН ТІЛІМ, ТӨРГЕ ШЫҚ!

«Мен қазақша білемін»



«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығындағы жергілікті ұлт өкілі емес әскери қызметшілер арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» сайысының екінші кезеңі өтті. Аталған сайыс Ұлттық ұланда дәстүрге айналып, бірнеше жыл қатарынан өткізіліп келеді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Сайыстың талабы жыл өткен сайын күшейіп, заманға сай жаңалықтар енгізіліп отырады. Тіл тақырыбы ғана емес, тарихты, салт-дәстүрді, отансүйгіш қасиетті насихаттайтын іс-шараның жеке құрамды тәрбиелеуде атқарып келе жатқан рөлі зор дейді мамандар.

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылыққа қарасты Алматы, Шымкент, Қызылорда, Талдықорған қалалары мен Алматы облысының Заречный кентінен шақырылған ұландық 8 сайыскер Алматы төрінде бас қосып, байқауды өздерін таныстырудан бастады.

Мақал-мәтел айтудан жарысқа түскен әскерилер арасында капитан Вадим Рябухин қатарластарынан оқ бойы озып шықса, қазақ дәстүріне сай киім үлгісімен шығып, «Ас-салаумағалейкум, арда қазақ!» деп өзін таныстырған прапорщик Евгений Митькин көрерменді бірден баурап алған еді. Өз кезегінде Кеңес Одағының екі мәрте Батыры атағын алған Талғат Бигелдиновты сомдаған капитан Егор Астахов та көрермендердің зор қошеметіне бөленді. Ал жас сержант Нурад-

дин Мустафаевтың қазақша сөз саптауы, ой қорытуы, таным-түйсігі көпті тәнті етті. Оның рухтанып, арқаланып айтқан «Атамекен» әніне делебесі қозып қарап отыра алмаған көрермендер де қосыла кетті.

Биылғы тіл байқауының ерекшелігі сол, «Мәншүк Мәметованың туғанына 100 жыл», «Менің Отаным – Қазақстан», «Бигелдинов биігі», «Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев», «Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны» тақырыптары аясында өзге этнос өкілдерінің арасында шешен сөйлеуге деген талпыныс жоғары болды.

Сайыс қорытындысында 6506 әскери бөлімінің қызметшісі, орыс жігіті, прапорщик Евгений Митькин «Көрермен көзайымы» атанды. 5572 әскери бөлімінен келген капитан Вадим Рябухин 3-орынды, 6698 әскери бөлімінен қатысқан сержант Нураддин Мустафаев 2-орынды, ал 5571 әскери бөлімінен сайысқа түскен қатардағы Руслан Калоша 1-орынды иеленіп, арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Байқау соңында әскерилер мен тіл мамандары әсем Алматы шаһарының мәдени демалыс орындарын аралап, Ғабит Мүсіреповтің музей-үйін тамашалады.

ЕҢБЕК МИГРАНТЫ

Алматы қаласы – Қазақстанның ірі қаржылық, мәдени және білім беру орталығы. Мегаполисте елдегі банктердің 90%-ы, халықаралық ұйымдар мен трансұлттық компаниялардың 60-тан астам кеңсесі орналасқан.



Шетелдік жұмыс күші де – табыс көзі

Баршамызға мәлім, Қазақстан қазіргі таңда экономикалық ықпалдастырылған процестердің белсенді қатысушысы болып отыр. Соған орай, қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артуда.

– Бүгінгі күні Алматыда 5,7 мың толық шетелдік және ішінара шетелдің қатысуымен 2,4 мыңға жуық бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Сондықтан шетелдік жұмыс күшін тарту Алматы үшін өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанның экономикасына жоғары білікті шетелдік мамандарды тарту бәсекеге қабілетті экономиканы, сондай-ақ білім мен жұмыс істеудің технологиялық тәсілдерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасайтын мемлекеттік көші-қон саясатының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, – дейді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Көші-қон процестері бөлімінің басшысы Мырзан Маринов.

Мемлекет тарапынан отандық еңбек нарығын шетелдік жұмыс күшін квоталау және жұмысқа рұқсаттар беру арқылы қорғау іс-шаралары да қарастырылған. Осылайша еңбек нарығында жергілікті және шетелдік мамандар арасындағы сәйкессіздікті азайтуға мүмкіндік беретін тежемелер мен тепе-теңдіктердің тиімді жүйесі жасалған.

Алматы қаласына шетелдік жұмыс күшін тарту үшін 2022 жылға 2431 квота

бөлінген (былтыр 2915 квота болған), оның ішінде бірінші санат бойынша (бірінші басшылар және олардың орынбасарлары) – 464 бірлік, екінші санат бойынша (құрылымдық бөлімшелердің басшылары) – 1106, үшінші санат бойынша (мамандар) – 785, төртінші санат бойынша (білікті қызметкерлер) – 76.

– Сырттан келетін шетелдік жұмыс күшіне жасалған зерттеу-талдау нәтижесі еңбек мигранттарының басым бөлігі сауда-саттық, құрылыс, мұнай-газ өндіру, қонақүй және мейрамханалар қызметтерін ұсыну секілді салаларға тартылғанын көрсетті. Ал шетелдік жұмыс күшінің басым бөлігі Қытай, Түркия, Украина және Ұлыбритания елдерінен келеді, – дейді Мырзан Миятұлы.

Биылғы алты айда шетелдік мамандарға 574 рұқсат берілген (2021 жылы – 1329), оның ішінде санаттар бойынша: бірінші санат – 59 бірлік, екінші санат – 282, үшінші санат – 219, ал төртінші санат – 14.

Былтыр Алматы қаласына шетелдік жұмыс күшін тартатын жұмыс берушілер жергілікті бюджетке 660 млн. теңге, ал биылғы 1 шілдеге дейінгі мәліметке сүйенсек, 290 млн. теңге мөлшерінде салық алымдарын төлеген. Тартылған шетелдік жұмыс күшінің құрамында білікті мамандардың үлес салмағы 98,4%-ды құрайды.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ТӘРБИЕ

ЕШҚАШАН КЕШ ЕМЕС...

Айнұр
СЕНБАЕВА

Ұшақта бір жігітпен қатар отырдық. Жанымда 9 жастағы балам бар.

– Ұшаққа сирек отырасыз-ау деймін, – деді әлгі жігіт маған қарап жымиып.

– Иә, – дедім қысқа ғана қайырып.

– Бәсе, қобалжып отырған сияқтысыз, қорықпаңыз, сапарымыз сәтті болады. Мен жұмыс барысымен жиі ұшамын. Көкте жүруге әбден үйренгенбіз, – деді.

Жанымыздағы жолаушы жас жігіттің жайдары, ашық-жарқын адам болғанына қуанып қалдым. Ол баламмен де тез тіл табысып, шетелден алған кәдесыйын да ұсынды.

Расында, ел арасында бірді-екілі ұшаққа отырғанымыз болмаса, осы уақытқа дейін ұзақ сапарға шетелге шығып, ұшақпен ұшудың сәті түспепті. Баламның денсаулығына байланысты өзге елге барып, ем қабылдауға тура келді. Емделіп, ел көріп, жер көріп, екі жарым ай дегенде үйімізге қайтып келе жатқан бетіміз. Сапарлас жігітпен әңгімелесіп, әрқайсымыз өзіміздің өзге елге бару себебімізді айттық. Ол өз анасының тойынан қайтып келеді екен. Анасының туған күнінен емес, неке қию тойынан.

– Екі күн бұрын анам тұрмысқа шықты. Тойына шақырды, соған барып келе жатырмын.

«Сонда қалай?» деген сұрақты жүзімнен байқаса керек, бірден әңгімесін бастап кетті.

«Білесіз бе, мен анамның бал-бұл жан-



ған бақытты жүзін бірінші рет көрдім. Иә, ол нағыз бақытқа лайықты жан. Мен оны қатты жақсы көремін, бақытты болса екен деп тілеймін. Олар әкем екеуі 35 жыл бірге өмір сүрді, 3 ұл тәрбиеледі. Бірақ бала кезімнен анамның риясыз қуанған, шаттанып күлген кезі есімде жоқ. Өйткені, әкеміз өте қатал адам болды. Анам үнемі әкемнің қас-қабағын бағып отыратын еді, бізді де солай үйретті.

Әкемді тап-тұйнақтай етіп жұмысқа

жібереді, кешке келгенде дәмді асымен күтіп алатын. Өзі ешқашан жарқырап киініп, әкеммен қол ұстасып қыдырған емес. Неге екенін білмеймін, бірақ әкем сонда да анамды ешқашан бағаламады. Бала кезімде анам неге әкемнен ажырасып кетпейді екен деп ойлайтынмын. Өйткені, әкемнің суық қабағынан именіп өстік. Ішімдік ішкен кезінде тіпті қорқатынбыз. Анама талай рет қол да көтерді. Бірақ анам ешбір жанға шағымданып, әкемді жаман-

дамайтын. Кішкентай кезімде «ержеткенде, өзім әке болғанда әйелімді ренжітпеймін, балаларымды еркелетемін» деп өзіме-өзім серт беретінмін. Бала кезімізде әкенің жылуы жетіспесе керек, анамды ғана жақсы көрдім. Екі ағамның да әкемнен аралары салқын болды.

Естуімше, анам мектеп бітіре салысымен әкемнің ата-анасы оны айттырып алып берген. Әкем анамды өзі сүйіп, таңдап алмаған соң болар, олардың арасында махаббат болмады. Сондықтан әкемді кінәлаудан аулақпын, бәлкім оның да өз жан жарасы болған шығар...

Осыдан 3 жыл бұрын әкем өмірден өтті. Өмірінің соңында ауыр дертке шалдығып, төсек тартып жатып қалды. Анам әкемді жас балаша күтіп, мәпелеп, соңғы сапарына шығарып салды.

Әкемнің жылдық асы өткеннен кейін анамды шетелге саяхатқа алып шықты. Ол бүкіл жас ғұмырын бізге арнады ғой. Осы саяхаттан кейін анам жиі-жиі саяхаттап, спортпен шұғылдана бастады, жүзуді үйренді. Өз хоббилары пайда болды. Мен анамның бойындағы оң өзгерістерді, өмірге деген құштарлығын көргеніме қуандым. Соңғы бір жылдан бері анам Түркияда тұрып жатыр. 60-тан асқан шағында ортақ қызығушылықтары бар адаммен бас қосты. «Махаббат – таусылмайтын әңгіме» деуші еді ғой. Екеуінің әңгімесі таусылмаса екен деп тілеймін. Ағаларымның да, менің де өз бала-шағамыз бар. Анам әрдайым бізге тілекші екенін білеміз. Әйел адам тек балалары үшін ғана емес, өзі үшін де өмір сүруі керек қой», – деді.

Әлгі жігіттің анасын өзгеден қызғанбай, шын көңілмен оған әйел бақытын тілеп отырғанына сүйсіндім, таңқалдым. Өзін түсінетін, сыйлайтын ұл тәрбиелеген әйелдің некедегі 35 жылы текке кетпегені ғой деп ойладым ішімнен. Ал таза парактан өмір бастау ешқашан ешкімге кеш емес. Солай емес пе?..



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Күнкөріс деңгейінің көлемі

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Алматы қаласының Статистика департаментінің мәліметіне сәйкес, 2022 жылдың III тоқсанына Алматы қаласы бойынша күнкөріс деңгейінің көлемі – 45612 теңге, кедейлік шегі – 31 928 теңгені құрайтынын хабарлайды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Сенім телефоны іске қосылды

Алматылықтар қаламызда салынып жатқан нысандар туралы ақпараттарды мына телефон арқылы біле алады.

Қала құрылысын бақылау басқармасының хабарлауынша, сенім телефонының іске қосылуы тұрғындарға заңсыз салынған тұрғын үй кешендеріндегі жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде ақша жоғалту қаупін болдырмау үшін құжаттар пакетінің бар-жоғы бойынша салынып жатқан нысандар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін көрсетілген нөмір бойынша кеңес алуға болады.

МАҚБ сенім телефоны: +7 (727) 229-81-36.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

COVID-19 ҚАЗАҚСТАН



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

27.07.2022 ж. күнгі деректер бойынша
ҚР өңірлерінде КВИ-ға қарсы
вакцинациялау жүргізу туралы ақпарат

I компонентпен
екпе алған
адамдар саны

II компонентпен
екпе алған
адамдар саны

1. Нұр-Сұлтан қ.	542 437	515 812
2. Алматы қ.	1 210 492	1 185 763
3. Шымкент қ.	707 064	696 176
4. Ақмола облысы	376 419	363 568
5. Ақтөбе облысы	442 321	435 170
6. Алматы облысы	1 182 666	1 129 853
7. Атырау облысы	291 923	276 141
8. ШҚО	1 032 203	1 025 708
9. Жамбыл облысы	771 856	762 067
10. БҚО	297 058	287 329
11. Қарағанды облысы	726 174	678 355
12. Қостанай облысы	380 704	367 370
13. Қызылорда облысы	516 025	510 583
14. Маңғыстау облысы	279 375	271 829
15. Павлодар облысы	384 900	375 787
16. СҚО	342 584	337 994
17. Түркістан облысы	1 294 970	1 289 695

Барлығы ҚР бойынша: 10 779 171 10 509 200

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY
AQSHAMY»
жарияланымдары
мектептерде, колледждер
мен университеттерде
оқылады, әлеуметтік
желілерде зерделеніп,
талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің
барлық дерлік өңірлеріндегі
оқырмандарымыздың да асыға
күтетін, сүйіп оқитын басы-
лымы! Қазақ сөз өнері мен
журналистикасының дәстүрлі
мектебі!

БІЛІМ



Еңбекке ерте араласады



Рая
ЕСКЕНДІР

**Қазіргі таңда көпте-
ген мектеп оқушыла-
ры мамандық таңда-
ғанда кәсіптік орта
білім алудан баста-
ғанды жөн көреді.**

Олардың пікірінше, кәсіптік білім алғандар өз кәсібі бойынша ертерек еңбекке араласып, сүйікті кәсіптерімен айналыса алады. Сонымен қатар, маман бола жүріп, сырттай білімдерін жетілдіреді. Өздерін еңбекте шыңдап, тәжірибе де жинақтайды.

Бұл пікірді қаламыздағы Мемлекеттік бизнес колледжінің оқытушысы Нұргүл Айдарбекова да нақтылай түседі.

– Бүгінгі таңда кәсіптік арнайы оқу орнын бітірген түлек-

тердің жүз пайыз жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар. Мектеп түлектерінің көбіне кәсіптік білімді таңдайтыны да сондықтан болса керек.

Мәселен, қазіргі кезде біздің елімізде жұмысшы мамандар өте тапшы. Кез-келген адам қара жұмысты атқарғанымен, нағыз құрылыстың тілін түсіне бермейді ғой. Сапасыз құрылыстың өзі маманның білімсіздігінен орын алып жатады.

Қазіргі кезде кәсіптік арнайы оқу орындарына деген сұраныс өте жоғары. Әсіресе, әлеуметтік көпбалалы отбасылар, жалғызбалалы отбасылар, жалғызбалалы отбасылардың балаларының кәсіптік оқуға деген сұраныстары зор. Себебі, ертерек маман атанып, отбасына көмектесе алады. Кәсіптік арнайы оқу орындарының тағы бір артықшылығы – білім алушылар жатақханамен, бір мезгіл ыстық аспен қамтамасыз етіледі.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@
vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы поштамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



«Өрнекте» өткен жаз

Алматы қаласының Оқушылар сарайындағы қызу жұмыс биыл ерекше жандана түскен. Балалар жылы аясында атқарылып жатқан жұмыстар легі жаз бойы Оқушылар сарайына қарасты «Өрнек» лагерінде де жалғасып жатыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Балалар жылына орай, биыл қаламыздағы «Жанұя» арнаулы мектеп кешенінің 91 тәрбиеленушісі «Өрнек» лагерінде демалуға мүмкіндік алған еді. Олар таңның атысымен басталатын лагерьдің қызу тіршілігіне белсене араласып, жаздың әр күнін мағыналы етіп өткізді. Әрбір отряд мүшелері арнайы жасалған жоспарға сай атқаруға тиіс жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп, көптеген пайдалы істермен айналысты.

Лагерьдің алғашқы күнін салтанатты жиынмен ашқан балалардың бір күні де бос өтпеді. Қиялы шарықтаған балалар жаздың жұлдызды түнінде алау жағып, шарықтата ән салса, енді бір сәт алыстарға қанат қағып, асқақ армандарға асықты. Осылайша «Өрнектегі» әрбір сәт балалардың естелікке толы кимас күндеріне айналды. Оларды бауырмалдылық баулып, үлкен достыққа бастады.

Жүзге жуық баланың тілін тауып, нағыз досына айналған тәлімгерлердің еңбектері тіпті ерекше. Лагерьдің жұмыс жоспарына сай, тәлімгерлер балалармен бірге қызықты жорықтарға аттанды. Өзен-су, таулы қыраттарды аралаған балалар туған жеріміздің

бай табиғатымен танысып, таза ауада тыныстады.

Бұл ретте «Өрнектегі» жаздың қызықты да маңызды өтуіне Оқушылар сарайының спорт, туризм, көркем және қолданбалы бөлім үйірмелерінің жетекшілері айтарлықтай үлес қосты.

«Жанұя» кешенінен келген 91 тәрбиеленуші биылғы жаздың ерекше қызыққа толы өткеніне дән риза. Олар «25 күн көзді ашып-жұмғанша өте шықты. «Өрнек» лагері бізге өте ұнады. Келесі жылы да келеміз» дейді жарыса. «Өрнек» лагеріндегі демалыстың соңында «Қоштасу алауы» жағылып, балалар тәлімгерлеріне деген ризашылықтарын білдірді. «Қош бол, қызықты лагерь» атты кеш ұйымдастырды.

Кеш барысында балалар «Нұр шашқан» атты биді нәшіне келтіре билесе, Лина Болғанбаева «Бақыт деген не?», Рифат Жолымбетов «Ол сен емес», София Черняева «Тойла» әндерін шарықтата салды. «Жанұяның» кішкентай бишілері де қалыспай, өз өнерлерін ортаға салды. Шенбер бойымен орналасқан балалар қолдарындағы шамды бір-біріне тілек айта отырып ұсынды.

Осылайша лагерьдегі жазғы демалыспен қимай қоштасқан балалар Алматыға оралған соң да, «Өрнектегі» өткен күндерін сағынышпен, қимастықпен еске ала бастады.

«Мектепке жол» басталады

Биылғы «Мектепке жол» республикалық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен жарияланған Балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізілетін болады.



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Аталмыш акция биыл «Мектепке жол – Шекарасыз жақсылық» атты ұранмен өтеді.

Акция барысында еліміздің әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындау үшін атаулы көмек көрсетіп, азаматтық белсенділік таныта алады. Балалардың мектепке бағытталған жолының қуанышты болуы үшін әрбірміз балаларға деген шынайы қамқорлығымызды таныта аламыз.

Жалпы, қайырым мен мейірім-

ге толы акцияның мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептермен балалардың мектепке келмеуінің алдын алу болып отыр.

Акция 2022 жылдың 1 тамызынан басталып, 2022 жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасын табады. Осыған орай, қаламыздағы әрбір мектептің әкімшілігі аз қамтылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қайырымдылық көмек көрсетіп, қолұшын беруді ұсынады. Сол себепті, мемлекетіміздің болашағы – ұрпағымыздың салауатты, саналы болуы үшін жақсылық жасаудан, игілікті істер атқарудан бас тартпайық!

Дәл қазір Алатау ауданына қарасты «Ақбұлақ» ықшамауданының Суаткөл көшесі № 41 мекенжайына орналасқан «№178 мамандандырылған лицей» ұжымы аталмыш акцияны қызу қолдап, белсене іске кірісіп те кетті.

«Балалардың алғысы отбасыңызға нұр боп жаусын, қайырымды жандар!» дейді лицей ұжымы.

Жасұлан Өтегенов – еңбек жолын қарапайым жүргізушіліктен бастап, отбасын адал еңбегімен асырап, жеткізіп жүрген арлы азамат, төрт ұлдың әкесі. Балаларды менікі, өзгенікі деп ешқашан бөлмейді, барлық баланы жанындай жақсы көреді. Балдырғандар ауырмаса, тек күліп, асыр сала ойнап, жарқырап жүрсе екен деген әкелік, азаматтық тілегі де үнемі жүрегінде тұрады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Жуырда мүмкіндігі шектеулі балаларды «ат үстінде оңалту», яғни иппотерапиямен емдейтін «Рахым» әлеуметтік орталығына жұмысқа тұрды. Дімкәс балаларға жәрдемін тисе, оларды бағып-қағып отырған ата-аналарының ауыртпалығын сәл де болса жеңілдетсем деген ниетпен, сол иппотерапияның курсы оқып, «реабилитолог және нұсқаушы» мамандығын алып шықты.

Қазір арнайы үйретілген аттарды жетелеп, оның үстіне ерекше қажеттіліктері бар балаларды отырғызып, арнайы әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық оңалту сабақтарын өткізіп жүр. Атқа отырған балақайлардың «ағай, ағай» деп мәз бола шаттанғанын көргенде, еңбегінің қажетке жарап жатқанына өзінің де балаша қуанатыны бар.

– Иә, бала мен жылқы арасында көзге көріне бермейтін жылы, достық байланыс орнағанын көргенде қуанасын. Себебі, денсаулығында кінәраты бар бала алғашында ат үстіне шыға алмай, ат та үркіп, жатырқауы мүмкін. Мұндай жағдайда әсіресе, өзіне сенімсіз, сондай-ақ



аутизммен ауыратын балдырғандарға қиындау тиіп жатады. Біз көбіне тірек-қимыл аппараты бұзылған, аутизм, полиомелит, олигофрения, неврозға, сал ауруына шалдыққан, Даун синдромымен ауыратын жеткіншектермен жұмыс істейміз. Отадан шыққан балаларға да оңалту курстарын өткіземіз. Жылқы малы үстінде отырған адамға мықты эмоционалдық әсер, күш береді, ағзасын нығайтады. Аtpен баяу серуендегенде адам денесіне минутына 100 шайқау импульсі беріледі. Ол – массаж, яғни ат үстінде отырған баланың барлық бұлшықеті жұмыс істейді деген сөз. Сондықтан біз атты «тірі тренажер» дейміз, – дейді Жасұлан Аманбайұлы.

Иппотерапия дегеніміз – қазақтың жылқы терапиясы. Бұл әдіс қазіргі таңда бізге де дендеп еніп келеді. Иппотерапия – грек тілінде «hippo» – «ат» деген мағынаға ие. Емдік мақсатына сәйкес «атқа мініп жүру арқылы емдеу» деген ұғымды иеленген. Иппотерапияны ат спортымен шатастыруға мүлде болмайды. Бұл медицина саласы жүргізетін баламалы ем түрі, яғни арнайы бағдарлама бойынша жүзеге асатын сауықтыру әдісі. Иппотерапияны пайдаланатын аттарды арнайы жаттығудан өткізіп, ем

жүргізетін адамдарды да оқытып, әзірлейді.

– Жылқы малын сезініп қана қоймай, оның мінезімен де жақын танысу керек. Себебі, ол кез келген уақытта тосын мінезін көрсетіп, тіпті, үстіндегі адамды аударып тастауы да ғажап емес. Сондықтан оларға дауыс көтеруге, үркітуге болмайды. Оған риясыз қамқорлық көрсеткенде ғана қойылған максатқа жетуге болады. Иә, аттың өзіне тән энергиясы болатындықтан, олар балалардың психоэмоционалды жағдайын түзеуге жәрдемдеседі. Аtpен тілдесудің өзі де бала үшін терапияның бір түрі. Көп бала алғашында атқа жақындауға қорқып, қашақтанғанымен, екі-үш серуеннен соң онымен қуана қауышатын болады. Бұл жануардың пайдасы сол, өзіне көңіл аударған аз уақытта-ақ адамның ішіндегі күйзелістен арылтып, көңіл-күйін көтеріп тастайды, – дейді реабилитолог-нұсқаушы әрі балалардың досы Жасұлан Өтегенов.

Міне, Жасұлан Аманбайұлы талай баланың денсаулығының оңалуына тамшыдай болса да үлес қосып жүрген маман. Атқарып жүрген ісі де, балалар да ұнайды, сондықтан жетістіктер де өздерінен ешқайда кетпейтінін біледі. Лайым солай болсын!

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

СҮМБІЛЕ АЙЫ ТУҒАНДА...

Шөп сарғаяды, күз нышаны сезіледі. Бабалар тамыз айын Сүмбіле деп атаған



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Тамыз сөзі қазақ тілінде «сары» деген мағынаға ие. Тамыз сөзі бұйрық райлы етістік (Тамыз! Ағыз!). Осыған орай, қазақтардың бұл айға қойған тағы бір атауы – «Сарша тамыз». Төңірек түгел сап-сары, күннің ыстығынан шөп күйіп, сарғайып кетеді. Алптап ыстықтан адам терлеп, ащы тері тамшылайды. Мамыражай шуақты сәтті бейнелейтін қазақта тамылжыған, тамылжу деген сөздер де бар ғой.

Мысал үшін: «Жаймашуақ көктемнің жасыл күні, Балбұлақтан естисің мың күлкіні. Аспан асты бір саған құмартқандай, Тамылжиды аулақта бұлбұл үні...», – деген ән мәтінін алайық («Сен ғана»). Сөзі Нұтфолла Шәкеновтікі, әні Бекен Жамақаевтікі).

Сайып келгенде, тамыз айы қатты ыстықтан кейінгі шуақты мезгілді білдіреді.

Саршада кейде ыстық көтеріле түседі... Мал-жанға жайлы жаңбыр жауады. Сары сарша – сарғаю, жердің құрғап, өсімдіктердің сары түске боялатын кезі. Тамыздың ортасынан ауа күріш піседі. Осы өтіп бара жатқан айдың соңғы онкүндігінде Таразы мен Үркер туды. Ай-

дың ортасында ауа райы салқын тартып, күз нышаны біліне бастайды.

Тамызда: «Жаздыгун шілде болғанда, Көкорай шалғын, бәйшешек, Ұзарып өсіп толғанда, Күркіреп жатқан өзенге, Көшіп ауыл қонғанда...», –

деп шаттана жырлаған ұлы ақын, үлкен ойшыл Абай (10.08.1845) дүниеге келді. Өлеңде жаз айының барынша кемеліне келген, толысқан кезі суреттелген. Ақын жаздыгун шілде болғанда көкорай шалғын мен бәйшешектің ұзарып өсіп жетілгенін, толғанын, күркіреген өзен жағасына ауылдың көшіп қонғанын, абыр-сабыр болған қазақ жұртының қарбалас тіршілігін қаз қалпында әсерлі бейнелеген.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе шілденің – 28-ін көрсетіп тұр. Ай жүйесі бойынша, айдың – 29-шы жаңасы. Ескіше есепке сүйенсек, тамыздың 14-і. Алпта айдың ортасы мен соңына сәйкес келіп тұр. Демек, алдағы апта (29 шілде – 4 тамыз аралығында) ауа райы құбылмалы болады: күн ысиды, жаңбыр жауады.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ
Тауықтың қимылына қарап жасалған жорамал:

- *Жүнін үрпитіп қытқылдаса, ауа райы бұзылады;
- *Құмға аунап, қанаттарын қаққылап сілкінесе, қауырсынын тарағыштаса, жаңбыр жауады;
- *Қораз кешке шақырса, ауа райы өзгереді, күндіз жиі-жиі шақырса, күн жылынады;
- *Үстіне, төңірегіне топырақ шашса – күн шуақты;
- *Мезгілінен бұрын күзде түлесе – қыс жылы;
- *Ұясына ерте қонақтаса, қыста аяз тұрады, жазда жаңбыр жауады.